

# Қостанай облысы оңтүстік өңірі айналма жолдарының

# НҰСҚАУЛЫҒЫ


Тарихы терең, қойнауы жұмбақ,
Айналдым сенен – Торғай даласы!
Зерттейміз әлі, үңілді тыңдап.
Білсін деп елдің әрбір баласы..

«Арқалық қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» ММ
«Жас – Ұлан» - Арқалық қалалық балалар мен жасөспірімдер ұйымы»

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# Қостанай облысының оңтүстік аймағы бойынша айналмалы бағыттағы ЖОЛНҰСҚА

Арқалық - 2019

УДК 910:908
ББК 26.89

Қ - 67

«Қостанай облысы оңтүстік өңірі айналма жолдарының нұсқаулығы» = «Путеводитель по кольцевым маршрутам южного региона Костанайской области». Изд. / құраст. Е.С.Цвентух. – Арқалық, 2019. – 40 б. Е.С. Цвентух. – Аркалык, 2019. – 40 стр.

ISBN 987-601-343-116-1

Қостанай облысының оңтүстік өңірі өзінің тамыры терең тарихымен, қалыптасқан дала мәдениетімен және қайталанбас табиғатымен ерекше. Бұл өңірдегі тарихи – мәдени нысандар жайлы мәліметтің аздығы, аймақтың облыс орталығынан қашық орналасуы және көлік жолының қиындығы мен теміржолдың жоқтығы болашақ туристер үшін белгілі бір деңгейде қиындық туғызары да анық. Алайда, мұндағы қасиетті орындар, сан ғасыр өтсе де, бүгінгі өркениетті заманның өзінде құпиясы ашылмаған жұмбақ нысандарды аралай жүріп ғажап әсерге бөленеріңіз сөзсіз.

Бұл нұсқаулықтың тиімділігі сол – мұнда нысандардың фотосуреттері мен олар жайлы тарихи ақпараттар берілін, айналмалы түрде жасалған бағыт жайлы жан – жақты жазылған. Қажетті нысанға апарар жол қашықтығы, GPS – координаты, қай жерде ғаламтордың бар екені, бір сөзбен айтқанда, осы бағыт бойынша жолға шыққан туристке қажетті мәліметтердің барлығы қамтылған.

УДК 910:906
ББК 26,89

© Цвентух Е.С.
© ОО «ГДЮО «Жас-Улан», 2019

# ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Егер сіз саяхаттауды ұнатып, бұрын көрмеген ғажайып орындарда болғыңыз келсе, дәл қазір оқып отырған ақпараттық кітапшаның көмегі тиеріне сенімдіміз. Яғни, бұл – Қостанай облысының оңтүстік өңіріне арналған айналмалы бағыттағы керемет дүние – жолнұсқа болып табылады.

Егер сіз турист ретінде сапарға алғаш рет шыққалы тұрсаңыз, онда сізге айналмалы бағыт жайлы түсіндіре кеткеніміз артық болмайды. Яғни, артта қалған және алдағы нысан өзара сәйкес келеді деген сөз. Егерде айналмалы бағыт картасына зер салар болсаңыз, сақина пішінін аңғарасыз. Біз сапарға шығатын және қайта оралатын нысан ретінде – Арқалық қаласын алып отырмыз.

Біздің өңір бір қарағанда ұшы-қиырсыз қыратты жазық дала болып көрінгенімен, шын мәнісінде табиғатымыз сан алуан. Байтақ даламыздан түрлі пішіндегі жартасты аймақтарды, арнасы үлкен болмаса да, ұзындығымен тамсандырып, өзін мекен етушілерінің сан алуандылығымен де таңдандыра алатын өзендерді жолықтыруға болады. Ал, тарихи орындарымыз ерекше құрылысымен көзді баурап, өткен өркениеттің керемет әуенін паш етеді. Бәрін айт та, бірін айт, біздің өңір жер ғаламшарының саусақпен санарлық орындарында ғана кездесетін – геоглифтердің отаны болып саналады.

Жастар – жылжымалы оқу – жаттығу күркелі лагерьлер жұмысының нәтижесінде – өңіріміздің көрнекі жерлері жайлы толық ақпарат жиналып, әр нысанның GPS – координаты белгіленіп, әр шақырым есептеліп, жолдың сапасы жазылып, қай жердің демалуға ыңғайлы екеніне дейін көрсетілген. Сол секілді қай нысанға дейін жол бар немесе жоқ, ЖҚС, ұялы байланыс қызметі, дүкендер т.б. қауіптіліктер жайлы да толық ақпарат бар.

Қолыңыздағы жолнұсқада бағыт бойындағы нысандар жайлы ғылыми дәлдік болмаса да, мұнда олар жайлы тарихи деректерден бөлек, кейде қиял – ғажайып болып көрінетін жұмбақ аңыздар, жергілікті ақсақалдардың әңгімелері де жазылған.

Айналмалы бағыт бойынша көптеген нысандар теміржол мен сапалы көлік жолдарынан қашық орналасқан. Сол себепті де Қостанай облысының оңтүстік өңіріне жасаған саяхатыңыз – барлық жерде кездесе бермейтін – нағыз күтпеген жағдай мен қызықты оқиғаларға толы болмақ.






## БАҒЫТҚА СИПАТТАМА:

Барлық бағыт бойынша мобильді байланыс жоқ (қалаға кіретін және шығар жерден басқа), ғаламторға қосылу тек ауылдық жерлердегі телефондар арқылы ғана мүмкін болады. Әр ауылда медициналық бөлімше, азық – түлік дүкені, құдықтан алынатын ауыз су бар. Барлық бағыттар бойынша жанар май құю стансалары жоқ. Бұл жерлерге саяхаттауға шілде мен қыркүйек айының аралығы қолайлы болмақ және жол талғамайтын көліктермен жүрген абзал. Жолда аялдап, демалуға Терісаққан өзенінің жағалауы (50°15'13.45" с.ш., 67°41'9.55" ш.б.) мен Шарықты бұлағының маңайы таптырмас орын саналады.

**Бағыт тармағы:** Арқалық → (47 шақ.) → [illegible] → (46 шақ.) → Ә. Майкотов кесенесі → (15 шақ.) → Омар қажы мешіті → (25 шақ.) → Шарықты бұлақ → (12 шақ.) → Мұртты Қорған → (75 шақ.) → Арқалық.





## Арқалық → Қара оба 49°59'5.85" с.е. - 67°15'1.75" ш.б.

Арқалық қаласының шығыс бөлігінен жолға шығады. Бағыт ішінара республикалық маңызы бар А – 16 (Жезқазған - Петропавл) тас жолы арқылы өтеді. 43 шақ.. Жалғызтал ауылы жағынан (бұрынғы атауы Ковыльный) ауылға кірер жолға бұрылады. Әрі қарайғы жол – Терісаққан өзеніне қарай. Мұсылман қорымы орналасқан өзеннің оң жағалауына қарай суды кешіп өту қажет. Сол мұсылман қорымы қоршауы ішінде «Қара оба» қорғаны тұр.

Жалғызтал ауылының аймағы Қарағанды облысының Ұлытау ауданымен шектесіп жатыр. Ұлытау тауы барлық қазақ үшін қасиетті орын саналады. Тау беткейі - сан ғасырлар бойы Шыңғысхан империясы мен «Алтын орда» кезеңінде дала хандарының ордасы болған. Бұл жердің қасиеттілігі сол – мұнда әйгілі билеушілер жерленген. Ұлытау етегінде, Жалғызтал ауылынан 200 – 250 шақырым қашықтықта Тоқтамыс хан, әмір Едіге және Шыңғысханның ұлы, даңқты Моңғол империясының ең үлкен ұлыстарының бірін билеген Жошы ханның денесі жатыр. Оның кесенесінен көп жүрмей ортағасырлық ескерткіш – Домбауыл кесенесі «мен мұндалайды». Ал, одан әрі сонша шақырым жолды артқа тастаған соң – аңыз бойынша исі қазақтың түп атасы саналатын - Алашахан қорымын кездестіруге болады.

Қара оба - Жалғызтал ауылына жақын орналасқан. Одан әрі Ұлытау тауына дейін шетсіз – шексіз дала созылып жатыр. Білмейтін адам бұл обаны табиғаттың қолымен жасалған керемет дүние деп ойлап қалуы әбден мүмкін. Бұл негізінде көп ғасырлар бұрын әскери мақсатта пайдаланылған еді. Яғни, қолдан үйілген толық ата – бабамыз үшін жауын алыстан қарауылдап, сақтанып отыру үшін қажет болды.

Экспедиция барысында бұл үйіндінің ұлы ғалым Ш. Уәлиханов бастап, бірнеше мәрте мұқият зерттеу нысаны болғанына көз жеткіздік. Сондай ақ, тарихи орын қазақ этнографиясы мен археологиясының негізін қалаушы, белгілі ғалым, академик – Ә. Х. Марғұланның да жіті зерттеп – зерделеуімен өткен болатын. Дәл осы жерге асыл бұйым, қазыналар көмілген болуы да бек мүмкін. Бұлай деп нақты айта алмағанымызбен, аталған орынның тек қана шайқас алаңы емес, көшпелі елдің ұзақ тұрақтаған мекені болғанын да ескерсек, болжамымыз шындыққа жақындай түспек.

## Әділбек Майкутов ескерткіші 50°10'37.51"с.е. - 67°26'58.07"ш.б.

XX ғ. басында қоғамға қозғау сала бастаған революциялық идеяны жақтаушылар қазақ даласында да аз болған жоқ. Солардың ішінде азаматтық күрестің белсенді қатысушысы, революционер Әділбек Майкутовтың есімін ерекше атап өтуге болады.



Арқалық қаласынан 60 шақырымдай жерде Молодежный ауылы орналасқан. Бұрын бұл елді – мекен осы азаматтың атымен аталған совхоздың базалық селосы болыпты. Ә. Майкутов Қазан революциясына дейін де біраз уақыттан бері революциялық қозғалыстарға қатысып жүрген. Болашақ марксизмді жақтаушы - 1905-1907 жылдарындағы революциялық оқиғалардың бел ортасында жүреді. Осыдан соң, Ә. Майкутовтың 1916 жылғы көтеріліске қолдау білдіріп, солардың қатарынан табылуы заңдылық та шығар.

Қазан революциясының бірінші күнінен бастап ол өзінің туып – өскен жері Атбасар уезінде Кеңес өкіметін орнатастыруға құлшына кірісті. Ол уақытта уезд құрамына қазіргі Молодежный ауылымен қоса аумақты жер кіретін.

Ә. Майкутовтің тағдыры 1919 жылы қатаң сынаққа ілінді, ақтарға қарсылық ұйымдастырғандардың бірі ретінде колчак әскерінің қолына түсіп, аяусыз азапталып, ақыр соңы сол жылдың жаз мезгілінде өлім жазасына кесілген. Қазіргі уақытта Молодежный ауылындағы революционер атындағы музей орналасқан саябаққа кіреберісте Ә. Майкутовтің ескерткіші тұр.

Бір айта кетер жайт, біртуар азаматтың өмір жолын зерделеу барысында оны тағы бір қырынан тану мүмкін болды. Ол кісіні даңқты революционер ретінде дүйім жұрт таныса, қоғамға сіңірген тағы пайдалы істері ел назарынан тыс қалған еді. Яғни, фельдшер мамааны ретінде де Ә. Майкутов туған халқының санитарлық – медициналық бағытта дамуы, қарапайым халықтың тұрмыс – жағдайының жақсаруы жолында көп жұмыстар атқарды.

Әділбек Майкутов ескерткіші → Омар қажы мешіті

50°14'19.30" с.ш. - 67°38'00.08" ш.б.

Көтерме жолға ауылдан 2 шақырым қашықтықтан шығып, Матросов ауылына тете баруға болатын сапасы орта деңгейдегі көтерме жолмен 13 шақырымды артқа тастау керек. Омар қажы мешітіне жету үшін, ауылға кірместен, көтерме жолдан оңға қарай, ішінде бір бет алған нысан бар қоршалған алаңға қарай бұрыламыз.



Арқалық қаласынан жетпіс шақырымдай жерде, А. Матросов атындағы ауылдың оңтүстік – батысында , елді - мекенге жақын маңда, Омар қажы мешітінің жартылай құлаған қабырғасы тұр. Бұл ауыл бұрын Аққияқ деп аталған. Өз заманында Омар қажының арқасында Аққияқ - Ислам діні салтанат құрған ауыл ретінде өңірге кеңінен мәлім болған. Арғын тайпасының – Тертуыл руынан шыққан ол XIX ғасырдың екінші жартысы, XX ғасырдың басында өмір сүрген. Омар қажы дінге берік, тақуалығының арқасында данаққа бөленіп, мұсылмандардың бес парызының бірі – Мекке сапарын да сәтті орындап қайтады. Оның есімі ел жадында тақуалығымен ғана емес, азаматтық ұстанымымен де қалған еді. Ол өз ұлтының нағыз патриоты ретінде, өзгелерге қолұшын беруде өзгелерге үлгі бола білді. Туған халқының болашағын ойлап, мешітпен қатар, сол уақытта елдің сауатын ашатын білдей бір орын саналатын медресе де ашты.

Омар қажы мешіті 1908-1910 ж. ж. салынған. Оның бес ұлының бірі осы мешіттің жанына жерленді. Мешіт маңайынан сол кәбірмен қоса, пештің де қалдығы табылған. Ол пеш мешіт құрылысына қажетті кірпіштерді күйдіру үшін салынған екен. Бұл – діни орталықтың жергілікті материалдан тұрғызылғанына дәлел бола алады. Мұнан соң, заман ауысып, революцияның салқыны қазақ даласын да шарпығаны, сөйтіп, билікке келген кеңестік жүйенің ашықтан ашық атеистік бағытты ұстанғаны мәлім. Соның кесірінен Омар қажы мешіті сынды діни құлшылық ету орындарын қиратуға пәрмен беріліп, оларды ел жадынан өшіруге әрекеттер жасалды.



### Омар қажы мешіті → Шарықты бұлақ 50°29'12.59" с.е. - 67°40'52.67" ш.б.

Келесі нысанға табан тіреу үшін Омар қажы мешітінен ауылға барып, елді мекенді шығысқа қарай мал шаруашылығы үшін қолданылған қоратан нысанға дейін қиып өтіп, әрі қарай солтүстік бағытта жер жолмен 25 шақырым жүргеннен соң су тоғанына тірелген соң оңға бұрылып жолмен қайтадан жүрісті жалғастыру керек. Бұлақ жанындағы ағаштан жасалған мал қамайтын нысанды бағытқа алып бізге қажет орынды еркістей таба аламыз.

Матросов ауылынан оңтүстікке қарай 60 шақырым қашықтықта Шарықты бұлағы ағып жатыр. Өңірдің байырғы тұрғындары бұл бұлақ жай ғана су емес – емдік қасиеті бар тіршілік нәрі екенін айтады. Тіпті ел аузында мынадай аңызға берггісіз әңгіме бар. Ауруға душар болған бір әйел ұзақ жыл дәрігерлерден ем алса да, дертіне шипа болмапты. Сөйтіп, осы бұлақ жайлы естіп, арнайы келіп, бірнеше мәрте шарықтының суына шомылғаннан соң, араға бір – екі апта салып, ауруынан құлан таза айығыпты – мыс. Бұл әңгіменің рас – өтірігін кім білсін, белгілісі Шарықты бұлақтың суы шынымен де жұмсақ, қандай да бір иіс немесе жағымсыз дәмі жоқ.

### Шарықты бұлақ → Мұртты қорған 50°29'36.12" с.е. - 67°43'15.57" ш.б.

Бұлақтан қорғанға дейін солтүстік бағытта, жолайрықтардан бұрылмай, төбелердің түппіріне апарар жолмен 12 шақырым жүргеннен соң, тасақты қыраттарға шыққанда қажетті орынға жеткеніңізді білесіз.

Қорған қаланған тасқа өсіп тұрған өсімдікті байқауға болады. Бұл әсіресе өсімдік бітken сарғая бастайтын жаздың соңы немесе күз мезгілінде анығырақ көрінеді. Жерлеудің мұндай тәсілі Қостанаймен қатар Павлодар және Қарағанды облыстарында да кездеседі. Дәл осындай таспен қаланған қабірге қою әдісі ғана қорғанға «мұрттардың» қалай шығатынын көруге мүмкіндік береді. Қорған – тау жыныстарынан(құмды шбек) қаланған. Адам жерленген апанкан шашылып жатқан қиыршықтың қалдықтарын кездестіруге болады. Мұндай – тастары ақырып тұрған, мұртқа ұқсас көрініс беретін қорғандар - Тасмола мәдениетіне жатқызылған. Төбешіктің астында: тұрмыстық ритуалды құрал – сайман, батырдың сауыты немесе ат әбзелдері көмілген болуы мүмкін.



### Мұртты қорған → Арқалық

Бағыт бойынша сапарды аяқтап, қалаға оралу үшін осы дала жолымен бұлаққа дейін 12 шақырымды басып өтіп, әрі қарай ескі қаланған тасты оң жақ бағытта ұстап, батысқа қарай 3 шақырым жүріп, тағы жолайрығынан бұрылмай, 7,5 шақырымды басып өтіп, су тоғанын сол жақта қалдырып, сол жердегі жолайрығынан оңтүстік жаққа, солға бұрылып, егін алқабы арасындағы бұрылысқа шейін 2 шақырым тағы жылжып, әрі А-18 трассасына шыққанға дейін егіс арасымен 48,5 шақырым жүріп, қалаға 2,5 шақырымнан соң жетеді.




## БАҒЫТҚА СИПАТТАМА:

Ащутасты ауылында ұялы байланыс қызметі қолданыста бар (барлық GSM операторлары 3G қолдайды). Қайыңды ауылында (Beeline, тек байланыс үшін ), ғаламторға қосылуға мүмкіндік беретін сымды телефон ауыл мектебінде бар. Барлық ауылда медициналық бөлімше, азық – түлік дүкені, құдықта ауыз су бар. Барлық бағыт бойынша ЖЖС жоқ. Сапарға қолайлы уақыт – шілде мен тамыз айының аралығы және жол талғамайтын көлікпен шыққан дұрыс. Жолай дамылдап, демалуға Қаратоғай өзенінің оң жақ беті ағысындағы Қайыңды өзенінің жағалауы өте ыңғайлы.

**Бағыт тармағы:** Арқалық → (31 шақ.) → Ащутастының шоқылы аймағы → (49 шақ.) → Шилі шарқырамасы → (2,5 шақ.) → Бақасы мола → (15,5 шақ.) → Құлымбет ауылы → (15 шақ.) → Қос таз → (4 шақ.) → Әбдіғапар ханның кесенесі → (75 шақ.) → Арқалық





**Арқалық → Ащутастының шыңды аймағы** 50°7'29.60" с.е. - 66°32'40.30" ш.б.

Бұл бағыт Арқалық қаласының шығыс бөлігінен басталады. Жол айрығында 5 шақырымнан соң Ащутасты ауылына қарай бұрылыс шығады (Бұрын Арқалықский совхозы аталған). Жол жағы ( жолдың беткі қабаты 2019 жылдың жазында жаңартылған), жолдың оң жақ бетінде тағы 10 шақырымнан соң Бектау ауылына бұрылыс бар, ал, әрі қарай 5 шақырымнан соң жол айрығында солға бұрылыс, жол ауылды батыстан шығысқа қарай кесіп өтеді, ауылдың шығыс жақ бетөйінде бағытымыздың алғашқы нысаны - тастақты аймақ орналасқан.

Ол жерде спорттың туризм саласында әр түрлі жаттығулар жасауға болады. Жазбен бірге арнайы құрылғыларын ала отырып жартасқа өрмелеуге таптырмас орын. Бұл жердің табиғаты көркем, өзен жағалауына бейне бір көлмен қуа тасталғандай әсер қалдырады және жартасты келеді. Яғни, бұл жерге туристік сабақтар өткізуге әбден болады.

**Ащутастының шыңды аймағы → Шиелі шарқымысы**
50°7'33.80" с.е. - 66°76'50.27" ш.б.

Ащутастының тастақты аймағынан Қайыңды ауылына апаратын дала жолы арқылы 2.5 шақырым жүріп өтіп, Алтуа ауылына дейін 26 шақырым бұрылмай жүріп, ауылды айналып өтіп (ауыл жолдың оң жағында қалады), осы жолмен 12 шақырым жүріп, Қайыңды ауылын шығыс жақ бетке үстей отырып өңдіменнеге кіріп және ауылдан сай арқылы өткелге бастайтын дала жолы арқылы шығу қажет. Мұндай орындар бірнеше рет кездеседі. Өткелден тек жаз айларында өтуге болады. Алдарыңызда 7 шақырымнан кейін керемет геоглиф – Шиелі шарқымысы орналасқан.



Шиелі шарқымысы көшені 200 м. шарқымдан, бес қатар орналасқан сақиналар (шарқымдан 100 метр жерде) және шыңдары оңтүстікке қаратып тегістелген (100 м.) диаметрі 30 метрдей қорғаннан тұрады. Аталған нысандар бастауын қазір кеуіп қалған су тоғанынан алатын арықтар мен каналдары бар ежелгі егістік алқап шеңберінде орын тепкен. Шарқымның биіктігі 1,5 – 2,0 м, нысан жотасының ені 10 м дейін жетеді. Шарқымға оңтүстік беттен кіретін жері бар.

Нысан болжам бойынша – діни – шаруашылық мақсатында салынған. Іштен жарықтандырылған бұл нысанды астық бастыруға, оны бөліп тарату немесе астықты мал мен басқа да тауарларға айырбастау үшін де пайдаланған болуы бек мүмкін. Ал, сақинаның не үшін салынғаны жұмбақ күйінде қалып отыр.

**Шиелі шарқымысы → Бақсы мола** 50°05'2.95" с.е. - 66°05'2.44" ш.б.

«Шиелі шарқымысы» геоглифі мен «Бақсы моланың» арасы бар болғаны 2.5 шақырым ғана. Оған жету үшін әуелі дала жолына қайта түсіп, соңғы сай алдындағы бірінші жол айрығына дейін жетіп, электр бағандарын бағдар ете отырып, ат шаптырым жердің есті мұсылман қорымын көруге болады. Сол жердегі кірпіштен арапша өріп жазылған кешенділердің тел таңбасын анық байқайсыз. Ол тарихи нысан толық сақталмаған болса да, бірден аңғарылады.



Бақсы моласы X - XII ғасырда салынған көне ескерткіштер санатына жатады. Бұрынғы заманда түрлі дертіне ем іздеген халық бақсы – құшынашқа баруға мәжбүр болған. Сол себепті де, қазақ даласында бақсылардың есімі ерекше құрметпен аталатын еді. Олар дертті адамдардың жындарын қуып қана қоймай, халықтық медицина арқылы да ауруға шипа тапқандары бар. Яғни, бақсылар науқастарға түрлі тәсілмен ем жүргізді. Бақсылардың арасында шынымен де ерекше қасиетке ие дарынды адамдар болып, олар жайлы аңыз – қисса әңгімелер ел ішінде жылдай есіп жүретін болған. Қайыңды ауылына жақын жерде жерленген бақсы халықтың айтуынша - әйел де болыпты. Өзі бақсы, әрі әйел болғасын да оның есімі елге мәлім, әрі сыйлы болып, халқы ол қайтыс болғасын құрметінің белгісі ретінде басына кесене тұрғызған. Сол кездегі дәстүр бойынша кесене өңделмеген кірпіштен салынған. Алайда, нысанның беріктігі үшін оның сырты күйдірілген кірпішпен қапталды. Дөңгелек күмбезі орнатылған. Өкінішке орай, бұл ескерткіш бізге жартылай қираған күйде жетіп отыр. 1946 жылы кесенені қазақтың танымал ғалымы Әлкей Марғұлан зерттеген. Десе де, мұнда жатқан бақсының есімі кім болғанын, нысанның нақты қай уақытта салынғанын анықтау үшін бұл жерде әлі де зерттеу – зерделеу жұмыстарын жүргізген дұрыс болар еді деген ой келеді. Себебі, тарихи жәдігерде бақсының есімі де, шыққан тегі де жазылмаған. Тек қана арғын, қыпшақ, наймандардың тел таңбасы бейнеленген 30-40 сантиметрдей тас плитасы ғана қалған.

Бақсы мола → Құлымбет әулие кесенесі 40°59'47.32"с.ш. - 66°21'10.62"в.д.



Келесі нысанға жету үшін Қайыңды ауылына қайта бару қажет. Яғни, ауыл сыртындағы сайға өткел арқылы 4 шақырым жүріп, тағы 2 шақырым ауыл арқылы елдімекеннің оңтүстік бөлігіне қарай өтіп, дала жолы арқылы 7.5 шақырымды артқа тастап, Қараторғай өзенінің оңтүстік бөлігін бетке ала отырып көпірге жетіп, Өзге қажет нысанға бастайтын дала жолына түсу керек.

Құлымбет әулие XX ғасырдың ортасынан аяғына дейін өмір сүрген. Ол көріпкелдік қасиетке ие болып, түрлі аурудың шығу себебі мен емін тауып, көзі тірісінде ақ елдің ерекше ықыласына бөленген жан. Оның есімі дүйім жұртқа мәлім болып, дертіне шипа іздеген талай жан әулиеге алыс – жақыннан біраз ағылып келіп жататын.

Құлымбет әулие кесенесінің басына келіп, ауруына ем іздеген жандар бүгінгі күнге дейін толастаған емес. Себебі, халық арасында әулиенің басына келсе, дертке шипа табуға болады деген түсінік қалыптасқан.

Жергілікті жұрт әулиенің кереметі жайлы түрлі әңгімелерді бүгінгі күнге дейін айтып жүр. Соның бірі: « 2000 жылдардың басында осы өлкеде алапат дала өрті орын алыпты. Сол тілсіз жау дәл осы Құлымбет әулие кесенесінің іргесіне бірнеше метр қалғанда кенет – өзі сап тыйылған - екен »



Құлымбет ауылы → Қос там 49°47'39.09" с.е. – 66°8'11.04" ш.б.

Жолмен өзенді жағалап 2 шақырым жүргеннен кейін суды кешіп өтетін жер кездеседі. Осыдан өтіп, тағы 7 шақырымнан кейін, ескі мұсылман қорымындағы кесенеге табан тірейсіз.

Екі кесене – Айқожа мен Байқожа есімді атақты рудан шыққан ағайынды жігіттерге арналып салынған. Кесенені Байқожаның жарының тапсырысымен Сатыбалды есімді шебер салған екен. Ағайындылардың шыққан тегі жайлы айтар болсақ, олардың ата – бабалары арасында өздерінің асқан дарыны мен өнерпаздығының арқасында батыр, би және хан да болған деседі. Әрине, олардың шыққан тегі ғана мықты емес, өздері де соған сай болып, тура жолдан таймаған болуы керек. Екі азаматтың есімдері қандай ұқсас болса, өмірде де тығыз қарым – қатынаста болған деуге негіз бар. Олар өмірден озғаннан кейін де айырмай, кесенелері бірге тұр.

Қос там → **Әбдіғапар хан кесенесі** 49°51'54.6" с.е. – 66°07'40.1" ш.б.

Өзенді оң жақ қапталға алып, осы жолмен оңтүстікті бетке ала отырып еш жерде бұрылмай 4 шақырым жүрген жолаушы алыстан ақшаңқай түсті кесененің күмбезін көзі шалады. Таптаулған дала жолы маңайында ескі зират бар осы керемет кесенеге жеткізеді.

Бұл ескі зираттың ерекшелігі сол мұнда – Неке руынан шыққан атақты Әбдіғапар хан жерленген. Хан атағын ол өз танымалдылығының арқасында - ел басына туған қиын заманда алды. Ол 1916 жылғы Торғай даласында ұйымдастырылған Ұлт азаттық көтерілісінің идеялық жетекшісі болды. Әбдіғапар ханның беделі арқасында көтеріліске қатысушылардың саны елу мыңға дейін жеткен. Бізге мәлім деректер бойынша ол өз заманындағы ұзақ бойлы адам болған деседі. Мысалы ол өзінің ел арасында суырмалы өткенін насихаттап, оны көбейту мақсатында жұмыс жасағаны айтылады.



Әбдіғапар ханның сүйегі Жаңақала ауылына жақын жерге қойылған. 2010 жылдың жазында хан ұрпақтары бабасының басына аппақ етіп әсемді кесене тұрғызды. Айтқандай, ұрпақтары Нұр – Сұлтан мен Астана қалаларында тұрады. Әбдіғапар деген тегті арқалап жүрген олар данқты бабаларының есімі ел жадында мәңгі сақталуына өз үлестерін қосып, өз парыздарын абыроймен атқарды. Әбдіғапар хан кесенесін – діни ғимарат деп айтуға да болады. Оның шынайы сәулеті, кесенені қалаған аппақ тасы оны осылай деп атауға негіз бола алады. Тек қана ғимараттың сұлу келбеті ғана емес, кесененің қазақтың біртуар ұлы, ұлт жанашырының құрметіне салынуы да бұл орынның мәртебесін айқындап тұр

Әбдіғапар хан кесенесі → **Арқалық**

Кесенеден қалаға қайту үшін дала жолымен Алуа ауылына апарар жол тармағына дейінгі көтерме жолға шейін 4 шақырымдай жүріп (16 шақ.), осы жол тармағынан кейін Аққұтасқа апарар жолға түсіп барып, Арқалықты бетке аласыз.




## БАҒЫТ СИПАТТАМАСЫ:

Beeline ұялы байланысы Тасты және Мирный ауылдарында бар (2 G). Ғаламторға қосылуға мүмкіндік беретін сымды телефон ауыл әкімдігі мен мектебінде орнатылған. Барлық ауылдан медициналық бөлімше, азық – түлік дүкені, құдықтан алынатын ауыз су мен су колонкаларын табуға болады. Барлық бағыт бойынша ЖҚС жоқ. Саяхаттауға шығу – күзгі айлары қолайлы және жол талғамайтын көлікпен шыққан абзал. Аялдап тынығуға «Келісім бұлағының» маңайы таптырмас орын болмақ. Себебі, мұнда мөлдір бұлақ пен қатар, тамақ ішетін орын, көлікке арналған тұрағымен алаңда орнатылған.

**Бағыт тармағы:** Арқалық → (83 шақ.) → Ақұтасты сақинасы → (20 шақ.) → Бейбітшілік бұлағы → (8 шақ.) → Кейкі батыр кесенесі → (1шақ.) → Кейкі батыр кесенесі (ескісі) → (31 шақ) → Дала кешені → (60 шақ.) → Арқалық.





**Арқалық → Ащутасты сақинасы** 50°22'5.82"с.е. - 66°9'0.50"ш.б.

R -259 трассасымен жүріп отырып, Арқалықтан 39.1 шақырым жердегі бұрылыстан ауылға бұрылып, әрі қарай егін жағалай дала жолымен батысты бетке алып 15, 2 шақырымды артқа тастап, одан кейін осы жолмен оңтүстікке, Жосалысай өзеніне қарай 7,3 шақырым жүргеннен кейін, солтүстікке 1 шақырым тағы жүріп бірінші нысан - Ащутасты сақинасына келіп жетеді.

2014 жылы Вильнюс университетінің археологы, Giedre Motuzaite Matuzeviciute докторы осы жердің топырағын OSL – сараптамасы арқылы зерттеп, аталған «сақинаның» - 2 750 жыл бұрын пайда болғанын анықтады. Бұл нысан арқайсысының диаметрі 10 метр болатын 25 төбешіктен тұратын 170 метрлік үлкен «сақина» пішіндес. Шығыршықтан оңтүстікке қарай 107 метр қашықтықта 15 метрлік төбешік орналасқан. Сол нысанға жақын жерде ұқсас жалғыз төбешіктің болуы оны Қостанай облысының оңтүстігіндегі осы секілді басқа да нысандармен біріктіреді. Ал, буларды не үшін салды деген сауалдың бүгінгі күні сан алуан жауабы бар. Соның бір нұсқасы – бұл жерде діни рәсімдер орындалды десе, келесі нұсқада аталған аймақтың қай руға тиесілі екенін білдіретін белгі ретінде пайдаланылғанын алға тартады.

**Ащутасты сақинасы → Бейбітшілік бұлағы**
50°28'54.72"с.е. - 66°16'43.86"ш.б.

Ащутасты сақинасынан солтүстік – батысты бетке алып Тасты ауылына қарай дала жолымен , егін жағалай 10 шақырым жүру керек. Ауылды кесіп өтіп, жер жолмен R -258 трассасына қарай жылжып, ауылдан шығар бұрылыста сол жақ қапталдағы жолға түсіп, сол жолмен 3, 3 шақырым жүреміз. Жолға шыққасын солға бұрылсаң 2, 4 шақырымнан кейін «Бейбітшілік бұлағына» келіп жетеміз. Бұлақты адаспай табуға сол жерге орнатылған бүркіт ескерткіші көмектеседі.



Бұл жолдан өткендер жер астынан шығып жатқан мөлдір бұлаққа соқпай кетпейді. Мұздай әрі балдай тәтті суға қанып ішіп, ыдыстарына құйып алып кетіп жатқандар мұнда толастаған емес. Осы жол бойындағы тағы бір көрікті орын – бүркіт бейнесіндегі алып ескерткіш. Аманкелді ауданынан 50 шақырым қашықтықта орнатылған бұл туындының авторы кім екенін ешкім дөп басып айта алмайды. Десе де, мүсінші бүркіт бейнесінде – сұлулықты, құс падишасына тән асқақтықты, қыранға тән қайсарлықты көрсете алған. Бұл туынды – жолаушылар үшін даланың символы болып қала бермек.

Жол бойындағы бүркіт мүсінінің жанына тек отандастарымыз ғана емес, шетелдіктер де аялдап, суретке түсіп жатқанына жасұландықтар куә болды. Кезекті бір экспедиция барысында жолай осы жерден Австрия елінің саяхатшыларын кездестірді. Өмірде барысында жиһанкез төрт жігіттің бена ЖОО бірінің студенттері екені белгілі болды. Экстремалды жағдайды жақсы көретін жастардың жүздері күнге әбден тотығып, төбесі ашық, толтыра жүк тиелген әрі мүлдем ескі «Москвич» автокөлігімен келе жатыр екен және көліктің үстінде техниканы жолмен қозғалтуға мүмкіндік беретін желкені де бар болып шықты. Өзара әңгімелері жарасқан австралиялықтар мен жасұландықтар, ақ жол тілесіп, естелік сыйлықтар берісіп, болашақта да бір – бірімен хабарласып тұруға уәделесе отырып тарқасты. Міне, жасұландықтар ойламаған кездесудің арқасында шетелден достар тапқан болатын.



**Бейбітшілік бұлағы → Кейкі батыр кесенесі**

50°29'11.29"с.ш. - 66°12'7.90"ш.б.

Оңтүстік – шығыс бағытында Кейкі батыр кесенесіне қарай 6 шақырым жол жүрген соң, нысанның сәулетті бейнесі алыстан «мені мұндалап» көзге бірден шалынады.

Сөз жоқ, Кейкі батыр кесенесі мыңдаған адамның мерген рухына тағзым ететін орынына айналған. Батырдың бас сүйегімен бірге мұнда оның інісі Шұбар (Ермағанбет) Көкенбайұлының, жары Ақжанның да денесі мәңгілік тыныштық тапқан. Оларды Кейкі мергенмен бірге қызыләскер жендеттері асқан аяусыздықпен өлтірген болатын. Арқалық –Торғай тас жолының Арқалық жағынан – 68 –ші шақырымында орналасқан бұл кесене – қазақ тарихында алтын әріптермен жазылып қалған Кейкі батырға елінің ерекше құрметінің белгісі. Кейкі мергеннің азаттық сүйгіштігі мен қайтпас қайсарлығы халқының жадында мәңгі сақталмақ. Ал, батыр кесенесі Торғай өңірінің мәртебелі һәм қасиетті орындарының бірі болып қала бермек.

**Кейкі батыр кесенесі → Кейкі батыр кесенесі (ескі)**

50°29'55.07"с.ш. - 66°11'21.62"ш.б.

Кейкі батырдың бірінші (ескі) кесенесіне жетудің екі жолы бар. Олардың жер қашықтығы бойынша: жер жолмен 600 м, және трассамен 1 шақырым айырмашылығы бар



Кейкі бабамыздың есімі тарихта – аңызға бергісіз ерліктерімен – Ұлт батыры ретінде жазылды. Оны ұлттық эпостардағы – батырлардың қатарына жатқызуға болады. Алайда, ол ертегі батыры емес – өмірде болған шынайы тұлға екені анық. Көздеген атудың асқан шебері – көлеңкесінің оғынан мерт боламыз ба деген оның жаулары Кейкіден өлердей қорқатын болған. Ол нағыз – «Құралайды көзге атқан» сұрмергеннің өзі еді. Кейкімен мергендік таласқа алатын біреу болса ол – Аманкелді Имановтың өзі еді. Тіптен, екі арасында екі батырдың дәлдеп атудан өзара сайысқа түсіп, нәтижесі тең дәрежеде болғаны жайлы әңгіме де бар. Осылайша Аманкелді мен Кейкі бабамыз қазақ даласында өздерінен өзгеге асар мергеннің жоқ екенін дәлелдеп кеткен еді.

Осылайша Кейкі бабамыз – кешегі халықтың азаттығы қалай қорғалар екенінің ерен үлгісін көрсете алды. Осы жолда аянбай күрескен ол – халқына қастық қылғысы келген қай биліктің болмасын туған жеріндегі тамырын кең жаюына жан – тәнімен қарсы тұрды. Нәтижесінде, патша өкіметіне қарсы көтерілген батырдың қаруы – кеңес үкіметі билікке келгенде де қолынан түскен жоқ.



## Кейкі батыр кесенесі (ескісі) → Дала кешені

50°34'25.08" с.ш. -66°12'11.28" в.д.

Дала кешеніне бару үшін R-259 трассасымен Арқалыққа қарай 15 шақырым жол жүріп, Мирный ауылына бұрылысты көрсететін белгіге дейін барып, жер жолмен ауылға қарай 8 шақырым тағы жүріп өтіп – өзенді кесіп өтіп Бетағаш өзенінің (Тасты өзенінің оң жақ тармағы саналатын) арғы бетіне шығу қажет. Одан әрі жер жолмен 8 шақырымды артқа тастасаң, бізге қажетті нысанға да жетеміз.

Қостанай обл. Арқалық қаласы, Мирный ауылынан солтүстікке қарай 3 шақырым. Шеңбері - 631 метр, диаметрі - 200 метр. Ені – 20 метр. Кіреберіс орынның жалпақтығы – 15 метр.

Нысан кәдуілгі тегіс даладан өзінің төбешіктерімен ерекшеленеді. Ал, әр төмпешіктің үстіне әр түрлі көлемде тастар қойылған. Тастар бір қарағанда бей – берекет қойылған болып көрінгенімен, анықтап қарасаңыз, олардың сақина пішіндес екенін аңғарасыз.

Әр түрлі өлшемдегі тастар ортадан шетіне қарай қалыңдай түседі. Бұл нысанның жерден көрінбейтін тағы бір ерекшелігі бар. Квадрокоптер арқылы жоғарыдан суретке түсіргенде нысанға солтүстік жағынан ені 15 метр болатын кіреберіс «кесік» бары байқалды.

## Дала кешені → Арқалық

Арқалыққа қайту үшін R-259 трассасына дейін кері жүріп, әрі қарай тас жолмен 65 шақырымды басып өткеннен кейін қалаға жетесіз.




## БАҒЫТҚА СИПАТТАМА:

Көктау ауылында ұялы байланыс ішінара жұмыс істейді (Beeline3G) және Қайыңдыда бұл байланыс тек сөйлесу үшін ғана жарайды. Ғаламторға қосылуға жарамды сымды телефон тек ауыл мектебінде бар. Барлық ауылда медициналық бөлімше, азық – түлік дүкені бар. Ауыз су құдықтан алынады. Барлық бағыт бойында ЖҚС жоқ. Сапарға ең қолайлы уақыт шілде мен қыркүйек айының аралығы. Сапарға жол талғамайтын көлікпен шыққан абзал. Тынығуға Қайыңды мен Алуа ауылдарының аралығындағы 50° 0'17.25 "с.е. - 66°10'39.78"ш.б. жері қолайлы.

**Бағыт тармағы:** Арқалық → *(20 шақ.)* → Шыңды аймақ Көктау → *(4 шақ.)* → Метеорит көлі 1 → *(6 шақ.)* → Метеорит көлі 2,3,4 → *(12 шақ.)* → Көктаудың үлкен және кіші жоресі → *(40 шақ.)* → Шилі шаралысы → *(20 шақ.)* → Құлымбет ауылы → *(73 шақ.)* – Арқалық.





**Арқалық → Шыңды аймақ Көктау** 50°13'13.09"с.е. -66°32'5.26" ш.б.

Бірінші нысанға бару үшін қаланың шығыс жақ бетеуінен R -259 трассасына шығып, бірінші жол айрығынан Ашутасты ауылына қарай бұрылып, тағы 10 шақырымды артқа тастай отырып, келесі жол айрығынан Көктау ауылына апарар (оңға бұрылып) жолға түсеміз. Әрі қарай Байғожа өзені арқылы көпірге дейінгі қашықтық 1 шақырым. Осы тұстан шыңды көруге болады. Оның тік жартасы туризм спортына, жартасқа өрмелеуге аса қолайлы.

**Шыңды аймақ Көктау → Метеорит көлі 1**
50°12'51.75"с.е.-66°25'30.76" ш.б.

Көл Жосалысай және Байғожа өзендерінің ортасында орналасқан. Жақын жерден Ашутасты өзенінің бір саласы ағып жатыр. Екі өзенге де тұрақты құятын су көзі жоқ болғандықтан, өзендер жиі тартылып қалады. Сол себепті де өзендерден жаяу кешіп өтуге болатын өткел пайда болады.

1-ші көлдің ауданы - 17164 кв м2. Барлығы осындай 4 көл анықталған. Көлдер геометриялық дөңгелек пішіндес болғандықтан оларды метеорит көлі деп болжауға болады. Көлден өзгеше арықтың табылуы бұрынғы уақытта да осы аймақта жер суару жүйесінің жақсы дамығанын көрсетеді. Көлдің нақты пайда болу уақытын анықтау үшін осы гидролог мамандардың көмегімен мұқият зерттеу қажет.



**Метеорит көлі 1 → Метеорит көлі 2,3,4**
50°12'39.65"с.е. -66°17'31.01"ш.б. 50°12'26.97"с.е. - 66°16'49.57" ш.б.

Оларға жету үшін жер жолмен шығысқа қарай жүру керек. Жосалысай өзенінің бірінші өткелінен кейін үш бағытқа кететін жолдың оң жақ бағытын таңдау қажет. Әрі қарай 4 сайдан өтіп, әр сайдан өткен сайын жол айрықтарынан өзенге апаратын және жергілікті халық көп жүріп із салған жолды таңдаймыз. Тура жер жол бойында аталған 2 нысан орналасқан.



Бірден байқалатыны, төбешіктердің сызықтары межжеленген негізгі жақтарымен сәйкес келеді. Ортадағы қорғанда «Кресті» аталған тригопункт орналасқан. Төбешіктердің солтүстік сызығымен жер жол өтетін болғандықтан, сол бөлікті басқа тұсына қарағанда көбірек бүлінген. Ал, батысқа қарағандары бір сызықта тұрған жоқ, біршама қисық орналасқан. Бүлінген солтүстік бөлігінің 113 -ші метрінде диаметрі 12 метр болатын үш сақина бар. Олардың ара қашықтықтары 12 метр. Ал, оңтүстік бөлігінің 233 -ші метрінде диаметрі 25 метр, биіктігі 1.5-2.0 м. болатын төбешік орналасқан. Мұның қорған болуы ықтимал.

Кіші кресі үлкен кресінен батысқа қарай 800 метр жерде жатыр. Ол үлкен кресіне қарағанда көбірек бүлінген және жанынан да, Google Earth түсірілімінен де, дәл сол жерден көне кетірілген квадраттар арқылы да дұрыс көрінбейді.

Кіші кресі төбешіктерінің сызығы межжеленген аралық жақтарына бағытталған.

Көктаудың үлкен және кіші кресі – «Шыпті шаршысы»

50°01'36.29" с.е. - 65°59'59.98" ш.б.

3 -ші бағыттан жаңа нысанға жету үшін Ащутасты өзенінің ағысына қарай 3 шақырымдай жүріп, әрі қарай өзен жағалай (2-2.5 шақ.) жылжи отырып судан өтетін жерге жетеміз. Өткелден кейінгі жол айрығында сол жақ жолға түсіп, оңтүстікке бағыт аламыз. Одан әрі мал шаруашылығы нысанын артқа тастап, екі жол айрығында да оң жағымызға ала отырып, ой – шұқырлы көп жер жолға түсеміз. Бұл жерден тек жол таппайтын көлікпен жүріп өтуге болады. Жаңбыр жауғанда жері батпаққа айналатындықтан жергілікті тұрғындар бұл терең сайдан тек жаздың құрғақ күндері ғана өтеді.



Қостанай обл. Арқалық қаласы. Қайыңды ауылынан солтүстік – батысқа қарай 6 –шы шақырымы. Көшен 200 метр болатын шаршыдан, қатарлас орналасқан 5 бірдей сақинадан (шаршыдан 100 метр жерде) және ұшы оңтүстікке бет түзеген (100 м) диаметрі 30 метр болатын қорғаннан тұрады. Бұл орын қазір тартылып қалған су тоғанынан бастау алатын су жүретін арықтары бар ежелгі егістік жердің соңғы жағында орналасқан. Шаршының биіктігі 1,5-2,0 м. болса, ені 10 метрге дейін жетеді. Шаршының оңтүстік жақтан кірер «есігі» бар. Шаршының ішінде астық бастыру, оны бөлу, не болмаса бидайды мал мен басқа да дүниелерге айырбастау жұмысы жүргізілген болуы да мүмкін. Ал, сақинаның не үшін салынғаны әзірге беймәлім.



## Шилі шаршысы → Бақсы моласы

50°05'29.36" с.е. - 66°05'24.4" ш.б.

Геологтардан шығып «Шилі шаршысына» бару үшін жер жолға қайта түсіп, соңғы сай алдындағы жол айрығына жету керек. Бұл жерді табуға электр бағандары бағдар болады және Бақсы моласының айналасында ескі мұсылман зираттары бар. Ол жерде таспен өріліп жазылған арабша жазу және шыққан тегін білдіретін таңба бедерленген.

Бақсы моласы X - XII ғасырда салынған ежелгі жәдігерлер санатына жатады. Бұрынғы заманда түрлі дертіне ем іздеген халық бақсы – құшынашқа баруға мәжбүр болған. Сол себепті де, қазақ даласында бақсылардың есімі ерекше құрметпен аталатын еді. Олар дертті адамдардың жындарын қуып қана қоймай, халықтық медицина арқылы да ауруға шипа тапқандары бар. Яғни, бақсылар келушілерге түрлі тәсілмен ем жүргізді. Бақсылардың арасында шынымен де ерекше қасиетке ие дарынды адамдар болып, олар жайлы аңыз – қиссаға әңгімелер ел ішінде желдей есіп жүретін болған. Қайыңды ауылына жақын жерде жерленген бақсы халықтың айтуынша - ақын да болыпты. Өзі бақсы, өзі ақын болғасында оның есімі елге мәлім, әрі сыйлы болып, халқы ол қайтыс болғасын құрметінің белгісі ретінде басына кесене тұрғызған. Сол кездегі дәстүр бойынша кесене өңделмеген кірпіштен салынған. Алайда, нысанның беріктігі үшін оның сырты күйдірілген кірпішпен қапталды. Дөңгелек күмбезі орнатылған. Өкінішке орай, бұл ескерткіш бізге жартылай қираған күйде жетіп отыр. 1948 жылы кесенені қазақтың танымал ғалымы Әлкей Марғұлан зерттеген. Десе де, мұнда жатқан бақсының есімі кім болғанын, нысанның нақты қай уақытта салынғанын анықтау үшін бұл жерде әлі де зерттеу – зерделеу жұмыстарын жүргізген дұрыс болар еді деген ой келеді. Себебі, тарихи жәдігерде бақсының есімі де, шыққан тегі де жазылмаған. Тек қана арғын, қыпшақ, наймандардың тап таңбасы бейнеленген 30-40 сантиметрдей тас плитасы ғана қалған.

## Бақсы моласы → Арқалық

Нысаннан дала жолымен Қайыңды ауылына қарай кері жүріп, орташа деңгейдегі қара жолмен Алуа ауылына жетіп, жүріп келе жатқан жолмен Ашутасты ауылын айналып өтіп Арқалыққа табан тіреміз.




## БАҒЫТҚА СИПАТТАМА:

Бағыт бойынша ұялы байланыс ішінара қызмет көрсетеді. Терісаққан елді - мекенінде - Beeline 2G – және Алуа мен Ашутасты ауылдарының арасында. Терісаққан ауылында ФАБ (Фельдшерлік – акушерлік бөлімше), Екідің мен Жаңақала ауылында МБ (Медициналық бөлімше) бар. Ауылдарда азық – түлік дүкені, құдықта ауыз су бар. Барлық бағыт бойынша ЖҚС жоқ. Сапарға қолайлы уақыт – шілде мен қыркүйек айының аралығы және жол талғамайтын көлікпен шыққан дұрыс. Жолай дамылдап, демалуға Қараторғай өзенінің Екідің ауылына жақын жағалауы ыңғайлы

**Бағыт тармағы:** Арқалық → (47 шақ.) → Қара оба → (37 шақ.) → Мейрам қажы кесенесі → (108 шақ.) → Қорғасын шахталары → (9 шақ.) → Кейкі батыр үңгірі → (2 шақ.) → Сахнатам → (19 шақ.) → Табиғи көрікті жерлер → (31 шақ.) → Қыз тамы → (500 м.) → Шыңды әйнек Екідің → (1,5 шақ.) → Бақылау мұнарасы → (1 шақ.) → Жауке батыр кесенесі → (37 шақ.) → Әбдіғапар хан кесенесі → (4 шақ.) → Қос там → (76 шақ.) → Арқалық.










**Арқалық → Қара оба** 49°58'5.93" с. е. - 67°15'1.70" ш.б

Арқалықтың шығыс бөлігінен шығып, бағыт А-16 Республикалық маңызы бар трассасымен ішінара түйісіп (Жезқазған - Петропавловск) 43 –ші шақырымында Жалғызтал ауылына бағыттайтын белгіден (бұрынғы атауы Ковыльный) елді – мекенге қарай бұрылады. Әрі қарай Терісаққан өзеніне барып, өтетінде мұсылман қорымы тұрған өзеннің оң жағалауына көшіп өтіп, зерат қоршауы ішіндегі «Қара оба» қорғанына жетеміз.

*№1. бағыт бойынша - 4 беттегі қорған жайлы ақпарат.*

**Қара оба → Мейрам қажы кесенесі** 49°43'30.88" с.е. - 67°20'1.27" ш.б

«Қара оба» қорғаны мен Мейрам қажы кесенесі арасындағы жол Қарағанды облысы, Ұлытау ауданының аумағы арқылы өтеді. Мұсылман қорымы сыртынан Терісаққан өзенін жағалап жер жолмен оңтүстікке қарай жүру қажет. Егіс арасында және жер телімдері созылып жатыр. Жолдың 29 –шы шақырымында өзеннің қарсы жағалауына шығып, Терісаққан ауылына дейін тағы 13 шақырым жүріп, мұсылман қорымындағы Мейрам қажы кесенесіне табан тірейміз.



Мейрам Жанайдарұлы Мекке сапарына барып, құлшылық жасап, қажы – деген құрметті атаққа ие болды. Ол тек Меккеге барып қана қоймай, өз халқының нағыз адал ұлы ретінде елінің шырағына бөленіп, мәңгі тарихта қалды.

Мейрам Жанайдарұлы (1848-1921ж.ж.) Терісаққан ауылының тумасы. Ол өзінің білімділігі мен орыс тілін жетік меңгеруінің арқасында жас кезінен бастап ұзақ жыл Атбасар ауданы губернаторының көмекшісі болып қызмет атқарды.

Кейін тағы біраз жыл туған өңірінде болыстық қызмет жасады. Ол билікте жүрген уақытында ұлттық мәдени – материалдық құндылықтарды сақтап қана қоймай, оны дамытуға үлкен үлес қосты.

Қазақ салт – дәстүрін жаңғырта отырып ол өз коллекциясының экспонаттарымен Сібірдің астанасы – Омскіде өткен көрмеге бірнеше рет қатысқан. Ол Романовтардың патшалық династиясына – 300 жыл толуына орай жасатқан, киіз үй үлгісіндегі керемет экспонат әлі күнге дейін Ресей мемлекеттік этнографиялық мұражайында сақталып тұр деген мәлімет бар. Мейрам Жанайдарұлы өзімен бірге асыл тұқымды жылқы түрлерін өсірумен де танымал болған. Ол жергілікті қарапайым халық басын [illegible] да жұмысты іс атқарды. Мейрам Жанайдарұлы тектен тек асыл тұқымды тұлпарлар шығарып, 8 мәрте Батыс – Сібір округі генерал – губернаторының жарыстарын жеңбегені жоқ. Ал, 1891–ші жылы ат жарысында оның сәйгүлігі еш тұлпарға дес бермей II Николай патшаның бірінші жүлдесін жеңді.



**Мейрам қажы кесенесі → Қорғасын шахталары**
49°13'30.30"с.е. - 66°30'29.29"ш.б.

Нысанға апарар жол Терісаққан ауылынан Тасқұдыққа соңынан өттес станцияға дейін созылып жатыр. Әрі қарай жол айрығынан бұрылмай, жер жолмен А – 16 жолының бұрылысына дейін 42 шақырым жүріп, кейін оңтүстікке 35 шақырым жүру керек (солға бұрылыс). Бозай өзенін кесіп өткеннен кейін, трассадан оңға бұрылып, жер жолмен Ұлытау ауданының Қорғасын ауылына дейін 27 шақырымды артқа тастау қажет. Ауылдан оңтүстіктен солтүстік бағытқа жүріп өтіп 1 шақырымдай қашықтықтан кейін Қорғасын шахталарының орнына жетеміз.

Арқалық қаласының Екідің ауылы Қарағанды облысы, Ұлытау ауданының Шеңбер елді – мекенімен шекаралас орналасқан. Ауыл арасы 65 шақырым. Шеңбер ауылының аймағында бұрын қорғасын өндірілген кен орындары сақталған. Бұл аймақтың қорғасынға бай екенін ел аузындағы «Қорғасын тамырлардың» кей тұста жер бетіне дейін шығып жатқанынан байқауға болады. Алайда, кен қазбаларының тоқтауына қарап, қорғасын қорының таусылғанын аңғарасыз. Жергілікті тұрғындар бұл жердің қорғасынын патша билігіне дейін де белсенді түрде өндірілгенін айтады. Кеңес үкіметі алғаш құрылған уақытта да қорғасын шикізаты атылымдарға жеткізіліп тұрған(шамамен 20 ғасырдың бас кезі) деген мәлімет бар. Кейін Кеңес үкіметі күшейіп, аяқтан тұрған уақытта бұл жерге өндіріс орны ашылып, шикізат өндіріліп таза қорғасын алған. Бүгінгі күнге дейін мұнда сол кездегі құрылғылардың қалдықтары мен жер асты ашық шахтасы сақталған.

**Қорғасын шахталары → Кейкі батыр үңгірі** 49°14'58.4"с.е. -66°36'48.1"ш.б.

Кейкі батыр үңгіріне барар жол қыратты жазық арқылы өтеді. Қорғасын шахтасынан 4 шақырым қашықтықта жер жолы айрығында солға бұрылу қажет. Сол бағытта 4 шақырымды артқа тастап, кейін өзенге қарай бұрылып, 1 шақырым жүргеннен кейін Қараторғай өзенінің оң жақ жағасындағы жартаста үңгір бар. Оған тек жіңішке, қол қауіптірек сүрлеу жолмен жетуге болады.

Арқалықтан жүз шақырымнан сәл асқа қашықтықта Қарағанды облысының аумағына жақын жерде Екідің ауылы орналасқан. Бұл жер тарихи ескерткіштерге бай. Олардың қатарында тек жасанды нысандар ғана емес, табиғи ескерткіштер де көп. Солардың бірі – Кейкі батыр үңгірі.



Бұл аймақта тасты төбелер көп. Солардың біреуінде тастар мен бұталар арасына жасырылған үңгір бар. Қиын – қыстау заманда Кейкі батыр осы үңгірді жауларынан қорғануда шебер қолдана білген. Кейкі батырдың Амангелді Имановтың серігі және 1916 жылғы ұлт - азаттық көтеріліс жетекшілерінің бірі болғаны белгілі. Азаттық сүйгіш, қырдың еркін өскен ұлы – патшаның отарлаушы саясатына, кейін кеңес үкіметінің диктатуралық билігіне мойынұсына алмады. Оның аты көзі тірісінде ақ шорттарына мәлім болып еді. Ол өз қолдаушылары мен жердің қыр – сырын жетік меңгергенінің арқасында соңына түскен жауларына ұзақ жылдар бойы алдырмады. Ол сенімді жер ретінде таңдаған үңгірдің ішіне 7-8 адам еркін сыйды. Шыңның ұшар басына орналасқан үңгір сондай-ақ айналаны бірден бақылап отыруға да өте ыңғайлы болатын. Үңгірге ешкімнің көзіне түспей шығу мүмкін емес – ті. Бір жағынан атқаны мүлт кетпейтін Кейкіден қорыққан жауларының төбесінен жасырын аяқ жолмен үңгірге баруға жүректері дауаламаған болуы керек. Нәтижесінде бұл үңгір батырдың қарсыластары үшін – алынбас қамалға айналды. Сол себепті Кейкі бастаған көтерілісшілердің осы бір табиғи қорғанысты өз пайдаларына шебер жарата білгені таңданыс тудырмаса керек.



**Кейкі батыр үңгірі → Сакнатам** 49°10'23.2"с.е. - 66°36'12"ш.б.

Қаратоғрай өзенінің осы оң жағалауындағы төбелер арасында Сакнатам кесенесі орналасқан. Оған жету үшін жер жолмен 2 шақырым жүру керек.

«Махат сағанасы» Жаңқала ауылынан шамамен екі сағаттық жерде. Оған жолсыз жермен баратын болғандықтан, тек жаяу жолға шыққан дұрыс. Ерекше кесененің жанында тұрған тақтайшадан нысанның XX ғасырдың басында салынғанын білуге болады. Алайда, Махат сағанасы XVIII ғасырда салынған деп пайымдай аласыз. Оның кереметтілігі – нысанның салынған уақытында емес, тіптен сәулеттік ерекшелігінде де тұрған жоқ. Сыртынан қарағанда оның осы өңірде салынған кесенелерден айырмашылығы жоқ. Оның кереметтілігі – жерлеудегі ерекше әдісінде.Бұл классикалық ата – тектік сағана (қайтыс болғандарды табытқа салып қоятын жер астындағы лақыт). Бұл жерден Махаттың ұрпақтары мәңгілік пана тапқандықтан, нысан Махат сағанасы деп аталып кеткен.

Кесененің негізін салушы неліктен мүрдені әдеттегідей көміп жерлемегені, мұның Ислам дінінде қалай қабылданғаны түсініксіз. Алайда, сағанада күні бүгінге дейін, арнайы тастан жасалған қуыстарда – Махат ұрпақтарының сүйегі жақсы сақталғанын көруге болады. Осыдан кейін кесененің астыңғы қабатына жақсы ойластырылған желдеткіш жүйе орнатылғанын аңғарамыз. Әйтпесе, дененің еттен ажырауы ісін басқаша қалай түсіндіруге болады?! Нысанның дәл осы ерекшелігімен сүйек біртіндеп кеуіп, кейіннен тозаңға айналады деуге негіз бар.

**Сакнатам → Табиғи көрікті жерлер**
49°21'20.06"с.е. -66°27'16.45"ш.б.

Кесенеден Қаратоғрай өзені арнасымен қазір жабылған Маятас ауылына дейін солтүстік – батысқа қарай жер жолмен 19 шақырым жүру керек( өзен жолдың солтүстігінде қалуы керек). Жолай аса терең емес сай кездеседі. Жаңбырсыз күндері бұл сайдан өту қиындық тудырмайды.



Ескіәге жақын жерде орналасқан Маятас аймағы өзінің жер бедерімен көрікті. Маятас атауы - тас шөмеле деген мағына беретін екі сөзден тұрады. Бұл маңайда тау шатқалына ұқсайтын, туралған тас жыралар сынды, бірақ, тау шатқалындағы беткейі тік және терең емес төбешіктер тізбегі салтанат құрған. Алайда, аталған аймақты тау шатқалымен салыстыру қисынсыз да емес. Себебі, мұнда да жер бедері тасты болып келген және тас түзілімдері жиі ұшырасады. Мұнда төбелерге шығып, өзен суының тау арасымен қысылып ағып, ұзаққа кетіп жатқанын байқауға болады. Маятас өзінің көрікті табиғатымен ғана адамды баурап алмайды. Оның қойнауы да қазынаға толы. Бұл жердің байырғы тұрғындары Маятастың астында қорғасын, қалайы, тіптен алтынның да бар екенін айтады. Тастақ шыңдардың беткейінде батысқа қарай, сирек кездесетін үңгірлер бар. Соның бірі осы төңіректегі «Ырысекелді қыстауында» орналасқан. Тастақ шыңның ұшар басында орналасқан бұл үңгір көрген көзді сүйсінтерліктей өзені дәуысы. Екінші үңгір «Ақтөбе» аталатын жерде орналасқан. Бұл үңгір көзден таса жерде орналасқандықтан, оны осы өңірдің жер – суын жетік білетін адамсыз табу қиын. Үңгірдің аузы сәл ғана саңылау болып көрінгенімен, іші кәдімгідей кең. Одан бөлек, Маятас аймағынан айқұш – ұйқыш символикалық өрнектері бар ғажайып тастарды да кездестіруге болады. Алайда, олардың жасы мен шығу тарихын анықтау қиын. Сол себепті, оларды зерттеп, зерделеу қажет. Себебі, олардың ежелгі таңба салынған тақталардың қалдығы болуы да ғажап емес.



## Табиғи көрікті жерлер → Қыз тамы

49°37'39.89" с.е. -66° ш.б.

Маятас ауылынан солтүстік – батысқа қарай 10 шақырым жүріп, Қараторғай өзенінен өтіп, одан әрі жер жолмен Ескің ауылына дейін 20 шақырым жүріп, ауылдың солтүстігінде орналасқан мұсылман зиратына дейін тағы 1 шақырымды артқа тастау керек.

Бұл қорым иесі жайлы романтикалық оқиғаны аймақ жұрты тегіс біледі. Бір кездері Ескің мен Жаңақала ауылдарының шүйгін жерін белді рулардан шыққан екі бай тең жайлапты. Кейін Қошырқұлма бай ұлына Алыс байдың қызын айттырып, екеуі жыл жылдық құда болуға бел байласқан деседі. Әйтсе де, қуанышы көпке созылмай, қалыңдық Бәтима әке астынан бақилық болады. Содан кейін, құдалық қатынасты үзгісі келмеген Қошырқұлма ұлына Алыс байдың кіші қызы – Қазынаны қосу жайлы ұсынысын білдіреді. Басында Қазына өрекпен тыс жар болуға қарсылық білдіргенімен, текті қыз салтқа қарсы шықпай, әрі қоныс отырған белді екі рудың татулығын бұзбауды ойлап, келісімін берген екен. Әйтсе де, қыз екі шартпен ғана ұзатылатынын айтып; марқұм болған сүйікті әпкесіне кесене тұрғызып, өздерінің үйлену тойын кең көлемде өткізу жайлы тілегін жеткізеді. Қыздың талабы орындалып, екі жақтан да туыс – туған, дос – жаранның бірі қалмай той дастарханында бас қосып, бұрынғы өкпе – реніштерін ұмытулары тиіс болды. Осылайша ол екі қалың рудың арасына түсуі тұрған салқындықты жойып қана қоймай, туған әпкесін ел жадында мәңгі қалдырды. Содан бері сықапатай сырғып айлар, жылжып жылдар, тіптен ғасырдан астам уақыт өтсе де, халық «Қыз тамының» тарихын ұмытқан жоқ. Бұл кесене ұзатылар алдында қапыда көз жұмған қалыңдықты ғана емес, қыздың ақылдылығы мен ел игілігі үшін өзін құрбан еткен нәзік жандының ерлігін де паш етіп тұр.

## Қыз тамы → Шыңды аймақ

49°32'8.07" с.е. -66°8'13.22" ш.б.

Шыңды аймаққа және бивуак орнына жету үшін зираттан солтүстікке 800 метр Қараторғай өзеніне дейін орылған дала жолымен өту қажет.

Ескің ауылына жақын жерде орналасқан шыңды аймақ демалуға қолайлы орын ғана емес, спорттық туризмге де таптырмас жер. Қараторғай өзенінің жағалауында орналасқан шыңдар - шыңға өрмелеу спортында тәжірибесі бар спортшылармен қатар бұл спортқа енді қадам басқандардың жаттығуы үшін де аса ыңғайлы. Сондай ақ, бұл жердің суы да ыңғайлы орналасып, маңайы да шатыр құрып демалыс орнын ұйымдастыруға «сұранып тұр».





**Шыңғыз аймақ → <u>Бақылау мұнарасы</u>** 49°32'52.03"с.е. -66°8'43.22"ш.б.

Демалыс аймағынан шығып 1.5 шақ. қашықтықтан тастан өрілген бақылау мұнарасын байқауға болады. Ол жерге жеткенде үстінен 2 шақырым қашықтық (өзеннің арғы беті де) алақандағыдай көрінетін дәл сондай екінші мұнараны көруге болады.

Екінің атауы ауылға жақын орналасқан ежелгі екі нысанға байланысты қойылған. Табиғи дөң үстінде орналасқан қос мұнара қорған немесе киіз үйдің пішініне ұқсас. Олардың төбесінен аймақ анық көрініп, қарауыл жаудың қай тұста келе жатқанын біліп отырған. Нысанның жоғарғы жағынан тесік жасалынып, күзетте тұрған адам жауы көрінген тұста от тұтатып, сол жерден түтін шығарып, арттағы елге белгі берілген. Тарихтан хабары бар азаматтар мен ауылдың байырғы тұрғындары осы жерде мұндай нысандардың бұрынғы кезеңде көп болғанын айтады. Бұл болжам негізсіз де емес. Себебі, бұл аймақтың жер бедері тегіс даладан біраз биік болып келеді. Жанынан өзен ағып жатса, тастақты жер бедері құрылыс материалдарына бай. Сондықтан, бұл жер сыртқы жаудың «көз құрты» болып, осы өңір сан ғасыр бойы жер үшін қан – кескі шайқас алаңына айналған.

**Бақылау мұнарасы → <u>Жауке батыр кесенесі</u>**
49°32'50.03"с.е. -66°8'54.94"ш.б.

Бақылау мұнарасынан 200 метр жерде Жауке батырға қойылған ескерткіш тас бар. Содан төменде батырдың денесі мен кесенесі тұрған жер көрінеді. Оған жер жол апарады.



Екінің нысанынан қашық емес сайлаңдау жерде ескі қорым бар. Соның арасынан әйгілі Жауке батырдың кесенесі «мен мұндалайды». Ол өзінің ержүректілігімен, атақты Кенесарының сенімді серігі болған. Жауке батыр осы жердің тумасы. 1819 – 1889 ж.ж. аралығында өмір сүрген. Оның өмірінің дені ат үстінде, жаумен алысумен өткен. Сайтіп жүріп елден жырақта қатты жараланып, туған жеріне жеткізіліп, кіндік қаны тамған жерден мәңгілік тұрағын табады. Осы жерге ұрпақтары даңқты бабаларының 175 – жылдығына арнап, 90 –шы жылдардың екінші жартысында жауынгерлік дулыға бейнесіндегі ескерткіш белгі орнатты. Бұл белгі осы жерден өткен жолаушыларға алыстан көрініп, атақты Жауке батыр ерліктерін еске түсіріп тұрады.

Екіңге жақын жерде атақты Жауке батырға арналған мешіт бар. Құлшылық үйін XX ғасырдың аяғында Жауке батырдың ұрпақтарының бірі салғызған. Қызыл кірпіштен салынған бұл ғимараттың түрлөнуіне қазір ғасырдан астам уақыт өткен. Мешіт уақытында тек құлшылық үйі ғана емес, сонымен қатар, ауыл балаларының білім алатын орыны да болған. Құлшылық үйі жанынан медресе ашылып, онда балалар Ислам негіздерін үйреніп, арабша сауаттарын ашқан.



**Жауке батыр кесенесі → Әбдіғапар хан кесенесі**
[illegible] с.е. [illegible] ш.б.

Жауке батыр кесенесінен дала жолымен 6 шақырым жүргеннен соң, сапасы нашар көтерме жол шығады. Осы жолмен Жаңақала ауылына дейін 24 шақырым жүріп өту керек. Әрі қарай көпір арқылы Қараторғай өзенінен өтіп, тағы дала жолымен Қараторғай өзенінің оң жағалауында орналасқан мұсылман қорымына қарай солтүстік бағытқа 7 шақырым жүру қажет.

*№2. Бағыт бойынша - 11 беттегі нысан жайлы ақпарат.*

**Әбдіғапар хан кесенесі → Қос там**
49°47'34.09" с.е. - 66° 8'11.04" ш.б.

Өзенді оң жақ қапталға алып, осы жолмен оңтүстікті бетке ала отырып ешқайда бұрылмай 4 шақырым жүрген жолаушы алыстан ақшыл-қоңыр түсті кесененің қырбезін көзі шалады. Топталған дала жолы маңайында ескі зират бар осы керемет кесенеге жеткізеді.



Бұл ескі зираттың ерекшелігі сол мұнда – Нияз руынан шыққан атақты Әбдіғапар хан жерленген. Хан атағын ол өз танымалдылығының арқасында ел басына туған қиын заманда алды. Ол 1916 жылғы Торғай даласында ұйымдастырылған Ұлт азаттық көтерілісінің идеялық жетекшісі болды. Әбдіғапар ханның беделі арқасында көтеріліске қатысушылардың саны бір мыңға дейін жеткен. Бізге мәлім деректер бойынша ол өз заманындағы озық ойлы адам болған дейді. Мысалы ол өзінің ел арасында сұрапылы өткізілеті кеңестер, оны көбейту мақсатында жұмыс жасағаны айтылады. Әбдіғапар ханның сүйегі Жаңақала ауылына жақын жерге қойылған. 2010 жылдың жазында хан ұрпақтары бабасының басына аппақ етіп әсерлі кесене тұрғызды. Айтқандай, ұрпақтары Нұр – Сұлтан мен Астана қалаларында тұрады. Әбдіғапар деген текті арқалап жүрген олар даңқты бабаларының есімі ел жадында мәңгі сақталуына өз үлестерін қосып, өз парыздарын абыроймен атқарды. Әбдіғапар хан кесенесін – діни ғимарат деп айтуға да болады. Оның шынайы сәулеті, кесенені қалаған аппақ тасы оны осылай деп атауға негіз бола алады. Тек қана ғимараттың сұлу келбеті ғана емес, кесененің қазақтың біртуар ұлы, ұлт жанашырының құрметіне салынуы да бұл орынның мәртебесін айқындап тұр

**Қос там → Арқалық**

Арқалық қаласына жету үшін дала жолымен 6 шақырым, кесенеден Алуа ауылының жол айрығына дейін көтерме жолмен 12 шақырым жүру керек. Жол айрығынан оңға бұрылып, тағы 21 шақырымды кейін қалдырып, Аққұдықты ауылын айналып өтер жолға жеткен соң Арқалық қаласына дейін бұрылмастан асфальт жолмен 37 шақырымды тағы жүріп өту керек.




## БАҒЫТ СИПАТТАМАСЫ:

Ұялы байланыстың барлық операторлары Амангелді ауданының орталығында. Үрпек және Қайыңды ауылдық округінің ауылдарында (Қайыңды, Алуа ауылдары) 4 G сапасында қызмет көрсетеді. Амантоғай ауылында – Beeline байланысы бар.

Барлық ауылда Медициналық бөлімше, азық – түлік дүкені бар. Ауыз су құдықтан алынады. Амангелді ауданында орталық аурухана бар. ЖҚС – Амангелді ауданы мен Амантоғай ауылында жұмыс жасайды. Сапарға жол таппайтын көлемен шілде мен қыркүйек айының арасында шыққан дұрыс. Аялдап, тынығуға Қайыңды өзенінің жағасы мен Келсім бұлағының алаңы таптырмас орын саналады.

**Бағыт тармағы:** Арқалық → (74 шақ.) → Құлымбет әулие → (15 шақ.) → Қос там → (4 шақ.) → Әбдіғапар хан қабірі мен кесенесі → (128 шақ.) → Торғай свастикасы, үшайырық (Трискелион) → (8 шақ.) → Ақал қайыны → (4 шақ.) → А. Имановтың штаб пәтері → (18 шақ.) → А. Иманов қабірі, А. Нұрманов музейі, Сатыбалды Ишан кесенесі → (57 шақ.) → Құтан әулие кесенесі → (13 шақ.) → Келсім бұлағы → (8 шақ.) → Кейкі батыр кесенесі → (73 шақ.) → Арқалық.










## Арқалық → Құлымбет Әулие

49°56'47.32" с.е. – 66° 2'19.62" ш.б.

Бағытпа Арқалық қаласының батыс бөлігінен шығып, асфальтталған жолмен жол айрығына дейін 5 шақырым жүріп, сол жерден Аққұтасты ауылына апаратын жолға бұрылып, бұл жолмен 17 шақырым тағы жүріп (жол 2019 жылы жаңартылған, сапасы жақсы), жол айрығында оң бағытқа бұрылып, Аққұтастының айналып өтетін жолмен ешқайда бұрылмай 48,5 тағы жүріп, (алда кездесетін жол айрығынан күн райына қарай, көліктің де жүру мүмкіндігін ескере отырып, кейде жолдан қатарлас жатқан тапталған жер жолға түсетін жағдай да болады) Қараторғай өзеніне қарай жылжимыз. Өзеннен көпір арқылы өтіп (жаңу өтетін орнына қанағаттанарлық жағдайдағы бетон плитасы төселген), жер жолмен өзен жағалай 3 шақырым жүріп діттеген орынға жетеміз.

*№2. бағыт бойынша – 10 беттегі нысан жайлы ақпарат.*

## Құлымбет Әулие → Қос там

40°47'34.00"с.е. – 66° 0'11.04" ш.б.

Кесенеден шығып, сол дала жолымен Қараторғай өзенін жағалай отырып, 3 шақырымнан кейін өзекді кесіп өтер жерге жетіп, «көпірден» өтіп, шығыс тарапқа қарай 3 шақырым жер жолмен жүріп, Қайыңды өзенінің жағалауы – демалатын орынға жетеміз. Демалыс алаңынан 2 шақырым қашықтықта келесі нысанға бару үшін міндетті түрде өзеннен өту керек жер бар. Қайыңды өзенінен жер жолмен 7 шақырым қашықтықта бір – біріне ұқсас екі кесене көрініп тұрған ескі мұсылман зираты орналасқан.

*№2. бағыт бойынша – 11 беттегі нысан жайлы ақпарат.*





Қостанай → **Әбдіғапар хан қабірі мен кесенесі**
49°48'44.30" с.е. - 65°12'50.80" ш.б.

Келесі нысанға жету үшін осы жер жолымен оңтүстікке қарай Қарторғай өзенін жағалай отырып (өзен оң тарапта болады), алда кездесетін жол айрығына бұрылмастан 4 шақырым жүру керек. Бұл жерде келе жатқан кісі кесененің ақшаңқай күмбезін алыстан аңғарып, оған апарар жолды адаспай табады. Осы зираттың ішінде, кесененің артында қызыл кірпіштен қаланған Әбдіғапар ханның қабірі бар.

№2. Бағыт бойынша - 11 беттегі нысан жайлы ақпарат.

Әбдіғапар хан қабірі мен кесенесі → **Торғай свастикасы, үшайырық (Трискелион)** 50° 06' 09.05" с.е. - 65° 21' 40.38" ш.б.

Әбдіғапар ханның қабірі мен кесенесінен оңтүстік бағытқа Жаңқала ауылына дейін 10 шақырым жүру керек. Ауылды айналып, Қарторғай өзенінен көпір арқылы өтіп, сапасы орта деңгейдегі көтерме жолмен алда кездескен жол айрығынан бұрылмай жүріп, жолдың 58 –ші шақырымында оң жақ қапталдан бұзылған елдімекен кездеседі. Одан кейін 24 шақырымнан соң оңға бұрылып, әрі қарай Үрпек ауылына (Амангелді ауданына қарасты) дейін 39 шақырымды бағындырып, жол айрығынан Ағаштыкөл ауылына қарай оңға түсіп, әрі қарай Трискелионға дейін 5 шақырым жүреміз.



Орналасқан жері: Қостанай обл, Амангелді ауданы, Үрпек а/о, Ағаштыкөл ауылынан 5 шақырым. Ерейн энциклопедияға сүйенсек – үшайырық (трискелион) – бір нүктеден шыққан үш тармақты сәуле бейнесіндегі ежелгі символикалық бейне. Нысан аймақта егін шаруашылығы қарқынды дамып тұрған уақытта бар еріп, су тоғанында су молайған тұста, ауызын жауып, суды сақтап қалатын орында орналасқан. Мұндай, суды жібермей, жерді қолдан суландыратын әдіс бізге әдебиеттен: «Қырғыз егістігі» деген атаумен белгілі. Мұндай таңбаны Крит аралының халқы – Криттерден, этрусктардың ежелгі өркениетінен, Байкал өлкесіндегі буряттардан және Гималай халықтарынан кездестіруге болады. Ал, Жапон мәдениетінде ол үштік қорған ретінде (өрттен, ұрлықтан және су тасқынынан қорғайтын) түсіндіріледі. Свастика – үш сәулелі, ежелгі сына жазуы, екі толқынды белгі. Ол сондай -ақ «күн шықты, мұз ерідi» деген түсінік те береді. Дәл сондай үшайрық – Сицилия мен Англияның Мэн аралының туында бейнеленген.

Бір қызығы нысан орналасқан жер бұрынырақта– Сәуле деп аталған екен.



### Торғай шекті ауданы (Тригонометриялық пункт) → **Ажал қайығы**

50°03'29.22"с.е. - 65°10'36.56"ш.б.

Ушқайырықтан «Ажал қайығы» геоглифіне дейін 8 шақырым. Ол үшін Үрпек ауылына қайта оралып, жер жолмен ауыл маңындағы қорымға жету керек. Біз іздеген нысан осы жерден шығысқа қарай созылып жатыр.

Нысан Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Үрпек ауылынан батысқа қарай (2,54 шақ.) орналасқан. Геоглиф - жерленгенге қайық пішіндес етіліп, құмнан үйіліп жасалған. Оны үстінен байқау мүмкін емес. Алайда, ақыратан қараған адам үйілген күре сызығынан нысанды көре алады. Көптеген елдердің мәдениетте ажал қайығы – жерлеудің бір белгісі болып табылады. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, ажал қайығы екі әлем арасындағы орын болып саналған. Ажал қайығын пайдалана отырып жерлеу әр халықта әр түрлі мағынада болды. Скандинав халықтары қайтыс болған адамның денесін қайыққа салып, суға ағызып жіберіп, ежелгі гректер жеткізуші Харон мәйітті Стикс өзені арқылы Аида патшалығына апарады деген сеніммен оған төлем ретінде марқұмның аузына тиын қоятын болған.

### Ажал қайығы → **Амангелді Имановтың штаб пәтері**

50° 05'39.22"с.е. - 65°15'38.56"ш.б.

Үрпек ауылына қайтып келе жатқан жолдың 4 шақырымында туристер 1916 жылғы көтерілісшілердің штаб пәтері болған нысанды көре алады.



Амангелді Имановтың штаб – пәтері болған үй революциядан кейін біраз жыл бойы ауылдың клубы болып тұрды. 1915 жылы ол реставрациядан өтіп, музей етіп жабдықталды. Өкінішке орай, ғимараттың сыртқы қабаты түгелдей құлап, тарихи нысан жойылып кетудің сәл ақ алдында қалған және мына қараған үйіндінің орнында бұрын Ұлт – азаттық көтеріліске қатысушылардың штабы болды дегенге сену қиын. Бұл үйдің ішінде Амангелді Иманов пен оның жақтастары тағдыр шешуші шешімдер қабылдайтын. Егер қабырғаларға тіл бітер болса, олар көп нәрсені айтар еді. Жасұландықтарды бұрын музей болған орынның қазір қирнды қалдықтары мен құрай өсіп кеткен жерге айналғаны қатты өкіндірді.

А. Имановтың штаб – пәтері - оның мүсіні, 1916 жылғы көтерілістің құрметіне орнатылған мемориалды тақта және Ұлы Отан соғысында қаза болғандарға арналған даңқ ескерткіш тақтасы шағын алаңға шоғырлап орналасқан мемориалды кешеннің тек бір бөлігі ғана. Ең өкініштісі, бұл кешеннің басты нысаны – Амангелді Имановтың штаб – пәтеріне көп ұзамай жойылу қаупі төніп тұр.

Дәл осы қираған орында олар Ә. Жангелдинмен бірге соғыс қимылдарын жоспарлап, ауылдарға ұлт – насихатшыларды аттандырып, солар арқылы халыққа патшаға қарсы қарулы қарсылықтың мақсат – мүддесін түсіндірді. Бұл тарихи орын қазір қоршалып, ол жерге әрт жағынан кіруге уақытша тыйым салынған. Осы арқылы ұрпақтың тұтас ұлтының өткен тарихын танып – білуі үшін де, нысанның болашақта толықтай қирап қалмауына қам жасалып отыр.



## А. Имановтың штаб - пәтері → **А. Имановтың қабірі мен ескерткіші**

50°8'26.54" с.е. - 65°18'49.40" ш.б.

А. Нұрмановтың музейі мен А. Имановтың ескерткіші - Амангелді ауданының орталығында орналасқан. Сатыбалды Иманның кесенесі болса, ауданның батыс бөлігіндегі мұсылман зиратында орын тепкен.

Жастар мен жасөспірімдер үйінің алаңында - Ұлт батырының ескерткіші орналасқан жерде оның сүйегі де жатыр. Батырдың басына гүл шоқтары тек мерекеде ғана емес, әр сәт сайын қойылып жатады. Себебі, жаңадан шаңырақ көтерген жұптар осы алаңға келіп, бабаларының ерлігіне тағзым ете отырып, гүл қоюды дәстүрге айналдырған.

А. Иманов 1916 жылы көп астына 20 мыңға тарта көтерілісші сарбаздарды жинай алды. Олардың наразылыққа шығуына – патшаның қазақтарды патша әскері қатарына тылда жұмыс істеуге алу туралы әмірі себеп болған еді. Көтерілісшілер өздерінің мықты көшбасшылары арқасында патшаның жазалаушы жасақтарына 1917 жылғы буржуазиялық – демократиялық революцияға дейін табанды қарсылық көрсетті. Кейін кәсіби революционер Әліби Жангелдин большевиктерге жан – тәнімен беріліп, қызмет еткенімен, жаңадан орнаған бостандық идеясы Амангелді Имановтың көңілінен шықпады. А. Иманов туған жерінде кеңес өкіметінің орнауына қолына қару алып белсенді атсалысты. Ол 1917 жылы Орынбор қаласында өткен Торғай облысы Кеңесінің съезд жұмысына делегат ретінде қатысқан. Съезд жұмысы кезінде атаман Дутовтың отряды стратегиялық маңызды елді – мекенді басып алу және біржола Дала өлкесінің большевиктері көшбасшыларымен есеп айырысу мақсатында қаланы қоршауға алады. Осы уақытта Амангелді Иманов съездің басқа да қатысушыларымен бірге қаланы қорғау үшін қолына қару алған еді.

Амангелді Иманов 1919 жылдың 19 мамырында саяси қарсыластарының қолынан қаза тапты. Оның сүйегі Амангелді ауданының орталығына қойылғанша бірнеше мәрте қайта жерленген болатын.

## А. Имановтың штаб - пәтері → **А. Нұрманов музейі**

50° 6'26.54"с.е. - 65°18'49.40"ш.б.

Ақан Нұрмановтың қаламынан түрлі әңгімелер мен повестер туғанымен, халық оны әуелі - «Құланның ажалы» романының авторы ретінде таниды.

Әдеби сыншылар «Құланның ажалы» романын «қайталанбас стильде, ерекше жазылған шығарма» деп бағалады. Қаламгер бұл шығармасы арқылы әдебиетте сілкініс тудырып қана қойған жоқ, сондай-ақ, ол – ұлт батыры Кейкінің жаңа бейнесін ашты. Роман көп тілге аударылып, орыс, чех, словак және неміс тілдерінде жарық көрді.

Кеңестік идеология Кейкі батырды – халық жауы ретінде көрсеткенін ескерсек, Ақан Нұрмановтың «жаудың» атын шығу жолындағы азулылық қана емес, азаматтық ұстанымда да қайсар екенін көре аламыз. Шығармада Кейкі батыр есімі ашып айтылмағанымен – оның ерлігі туралы түрлі аңызға бергісіз әңгімелерін қанық өсірген қазақ оқырмандары үшін әдеби кейіпкер артында кімнің тұрғанын түсіну қиын болған жоқ. Оның кітабы қазақтар арасында бұрын да қазір де қолдан қолға таралып оқылатын шығармалар санатында. Әттеген-айы сол, талантты қаламгердің ғұмыры тым қысқа болды. Ол әдебиет аспанында құйрықты жұлдыздай жарқ етті де, артына өшпес сәуле қалдырып кете барды. Оның кітабының желісімен болашақта театрландырылған қойылым көрсетіліп, кино да түсіріле жатар. Ол уақыт еншісінде.



А. Нұрманов 1933 жылы туған. Амангелді ауданында тәрбиеленіп, ер жетті. Қазір аудан орталығында оның бюсті болса, Амангелді ауданына қарасты Байғабыл ауылында көше мен кітапханаға қаламгердің есімі берілген.



**Штаб квартира → Сатыбалды Ишан кесенесі**
50°10'55.59"с.е. - 65°10'24.51"ш.б.

Сатыбалды Ишан (1826-1898 ж.ж.) өз заманындағы дінге берік жандардың бірі болды. Ол кішкентайынан діни білімге ден қойды. Әкесі екінші әкесі Шоманың қамқорлығы арқасында (ол бала кезінен жетім қалған) Сатыбалды Ташкентке аттанады. Ұзақ сапар барысындағы түрлі азап пен қиыншылықты бастан өткерген ол Ташкент медресесіне оқуға түсіп, кейіннен озат оқушы ретінде Бұқараға оқуға жіберілген.

Ол 14 жылын оқуға арнап, Орта – Азиялық мұсылмандар Кеңесі мүшелерінің алдында емтихан тапсырудан да сүрінбей өтіп, бір ауыздан мәртебелі дәреже – Ишан атағын алады.

Көп уақыт өтпей, Сатыбалды Ишан алғашқы рет мұсылмандардың қасиетті ордасы – Меккеге сапар шегеді. Бұған дейін асқан білімімен - пайым – парасаты келіскен оның есімі елге ерте мәлім болып, діндар жайлы әңгіме туған жері Торғай даласына да жеткен еді. Араға уақыт салмай Торғай уезінің билеушісі Сүлеймен хабаршы жіберіп, Ишанды елге шақыртады. Шақыртуды ол қуана қабылдап, елге оралады. Бүгінде халық арасында Сатыбалды Ишанның ерекше қасиеті жайлы түрлі әңгімелер айтылады. Ол кісі туған жұртына тек Ислам құндылықтарын оқытып қана қоймай, Сатыбалды Ишан сыртта сан жыл жүріп білген - түйгенін, тіршілікке қажетті түрлі пайдалы істерді жерлестеріне үйретеді еді.

Сатыбалды Ишан кесенесі → **Құтан әулие кесенесі** 50°28'28.76" с.е. - 65°45'44.35"ш.б.

Құтан әулие биік дәрежеге дінді берік ұстануының арқасында жеткен. Ол ерекше ақыл мен парасат иесі және данышпан адам болыпты. Сондықтан да болар, әулиенің – Абылай хан кеңесшілерінің бірі болғаны айтылады. Оның үстіне бабамыздың көріпкелдік және тәуіптік қасиеті болғанын ескерсек, бұл әңгіменің растығы айқындала түседі.



Құтан әулиенің туған жері – Ұлытаудың етегі. Торғай даласында ол өзінің ауылымен бірге көшіп жүрген. Ол өмірден озарында өзін түйеге артып жіберіп, жануар қайда шөксе, денесін сол жерге қоюын өсиет еткені жайлы аңыз бар. Ауылдастары марқұмның соңғы тілегін орындапты. Керуен - түйе шөккенше ұзақ жүріп, сол жерге әулиенің денесін арулап қойған екен. Қазір кесене тұрған орын – сол жер болса керек. Әулиенің бақилық болғанына екі ғасырдан астам уақыт өтсе де, дертке ұшырап, қайғыға душар болғандар әлі күнге дейін кесененің жанына салынған шағын үйге келіп, қонып, құлшылық қылып, дұға етіп, ауруына шипа тілейді. Кесене бірнеше мәрте күрделі жөндеуден өткен. Әулиенің ұрпақтары 1977 жылы қабір плиталарын алып, кірпіштен Кесене тұрғызды. Нысан 2006 жылы қазіргідей сәулетте салынды.

Құтан әулие кесенесі → **Келісім бұлағы**

50°29'54.74"с.е - 66°36'43.43"ш.б.

Бұлақ та R-259 трассасының бойында жатыр. Оған бару үшін трассамен Арқалыққа қарай 15 шақырым жүру керек. Нысанды адаспай табуға сол жерде орнатылған дала қыранының асқақ мүсіні көмектеседі.

№13. бағыт бойынша - 13 беттегі нысан жайлы ақпарат.





Кепісім бұлағы → **Кейкі батыр кесенесі**
50°29'10.67"с.е. - 66° 1'31.49" ш.б.

Егерде бағыт бойынша оңтүстік – шығыс бағытта 6 шақырым жүретін болсаңыз, аз уақыттан соң Кейкі батырдың көпқырлы күмбезді кесенесі көзге бірден шалынады.

Бұл нысан 2017 –ші жылы ғана бой көтергенімен,сөз жоқ, Кейкі батыр кесенесі мыңдаған адамның мерген рухына тағзым ететін орнына айналған. Батырдың сүйегімен бірге мұнда оның інісі Шұбар (Ермағанбет) Көкенбайұлының, жары Ақжанның да денесі мәңгілік тыныштық тапқан. Оларды Кейкі мергенмен бірге қызыласкер жендеттері асқан айуандықпен өлтірген болатын. Бұған дейін Санкт – Петербург мұражайындағы кунсткамерада экспонат болып сан жыл сақталған батырдың бас сүйегі кесенеге арулап жерленген болатын.
Арқалық – Торғай тас жолының Арқалық жағынан – 68 –ші шақырымында орналасқан бұл кесене – қазақ тарихында алтын әріптермен жазылып қалған Кейкі батырға елінің ерекше құрметінің белгісі. Кейкі мергеннің азаттық сүйгіштігі мен қайтпас қайсарлығы халқының жадында мәңгі сақталмақ. Ал, батыр кесенесі Торғай өңірінің мәртебелі һәм қасиетті орындарының бірі болып қала бермек.

Кейкі батыр кесенесі → **Арқалық**

Бұл бағыттың соңғы нүктесіне бару үшін R-259 жолымен 73 шақырым жүру керек.




## БАҒЫТҚА СИПАТТАМА:

Бағыт Арқалық қаласы мен Амангелді ауданының Кеңтау а. Қайыңды а.о., Жаңақала а. Үрпек а. о., Амангелді а., Үштоғай а., Тасты а., Амантоғай ауылдық округін қамтиды. 3G, 4G сапасында барлық ұялы байланыс операторлары: Амангелді, Амантоғай ауылдарында қызмет көрсетсе, қалған елді – мекендерде - Beeline операторы арқылы ғаламторға қосылуға болады. Бірақ, сапасы төмен. Оның сыртында әр ауылда сымды байланыс телефондары жұмыс істейді. Барлық ауылда – МБ (медициналық бөлімше). Амангелді ауданында – аудандық орталық аурухана бар. Азық – түлік дүкенімен қамтылған, кей ауылдарда ауыз су құдықтан алынады. ЖҚС – Амангелді, Амантоғай ауылдарында орналасқан. Сапарға шілде мен қыркүйек айының аралығында жол талғамайтын көлікпен шыққан жөн. Аялдап, тынығуға – Қайыңды өзенінің жағалауы мен «Келісім бұлағының» аланы таптырмас орын.

**Бағыт тармағы:** Арқалық → *(47 шақ.)* → Кентаудың үлкен және кіші кресі → *(43 шақ.)* → Шілі шаршысы → *(152 шақ.)* → Үшайырық (Трискелион) → *(8 шақ.)* → Ақап қайшысы → *(141 шақ.)* → Үштоғай шаршысы → *(137 шақ.)* → Ашутасты сақинасы → *(62 шақ.)* → Арқалық





## Арқалық → Көктаудың үлкен және кіші кіресі

50° 13' 39.65" с.е. - 66° 17' 31.01" ш.б. / 50° 13' 26.97" с.е. - 66° 16' 48.57" ш.б.

Бұл бағыттың бірінші нысанына жету үшін қаланың шығыс бөлігінен шығып, R -259 трассасымен 7 шақырымды жүріп өтіп, бірінші жол айрығынан Ащутасты ауылына апаратын жолға бұрылып, тағы 10 шақырымды артқа тастап, жол айрығынан оңға бұрыла отырып Көктау ауылына қарай 12 шақырымды басып өтеміз. Әрі қарай ауылды шығыстан батысқа қарай жүріп өтіп жер жолға түскен соң бізге қажетті нысанға дейін 18 шақырым қалады. Оларға жету үшін жер жолмен шығысқа қарай жүру керек. Жосалысай өзенінің бірінші өткелінен кейін үш бағытқа кететін жолдың оң жақ бағытын таңдау қажет. Әрі қарай 4 сайдан өтіп, әр сайдан өткен сайын жол айрықтарынан өзенге апаратын және жергілікті халық көп жүріп із салған жолды таңдаймыз. Тура жер жол бойында аталған 2 нысан орналасқан.

Бірден байқалатыны, төбешіктердің сызықтары көкжиектің негізгі жақтарымен сәйкес келеді. Ортадағы қорғанда «Кіресті» аталған триголунет орналасқан. Төбешіктердің солтүстік сызығынан жер жол өтетін болғандықтан, сол беткейі басқа тұсына қарағанда көбірек бүлінген. Ал, батысқа қарағандары бір сызықта тұрған жоқ, біреуінің қисық орналасқан. Бүлінген солтүстік бөлігінің 113 -ші метрінде диаметрі 12 метр болатын үш сақина бар. Олардың ара қашықтықтары 12 метр. Ал, оңтүстік бөлігінің 233 –ші метрінде диаметрі 25 метр, биіктігі 1.5-2.0 м. болатын төбешік орналасқан. Мұның қорған болуы ықтимал. Кіші кірес үлкен кірестен батысқа қарай 800 метр жерде жатыр. Ол үлкен кіреске қарағанда көбірек бүлінген және оны жанынан да, Google Earth түсірілімінен де, дәл сол жерден көкке көтерілген квадрокоптер арқылы да дұрыс көрінбейді. Кіші кірес төбешіктерінің сызығы көкжиектің аралық жақтарына бағытталған.

## Көктаудың үлкен және кіші кіресі → Шилі шаршысы

50° 13' 39.65" с.е. - 66° 17' 31.01" ш.б.

Бірінші бағыттан жаңа нысанға жету үшін Ащутасты өзенінің шығысына қарай 3 шақырымдай жүріп, әрі қарай өзен жағалай (3.5 шақ.) жылжи отырып судан өтетін жерге жетеміз. Өткелден кейінгі жол айрығында сол жақ жолға түсіп, солтүстікке қарай 1,5 шақ. жүру керек. Одан әрі көл шаршысы нысанын артқа тастап, екі жол айрығында да оң жағымызға ала отырып, ой – шұқыры көп 28 шақырымдық жер жолға түсеміз. Бұл жерден тек жол талғамайтын көлікпен жүріп өтуге болады. Жаңбыр жауғанда жері батпаққа айналатындықтан жергілікті тұрғындар бұл терең сайдан тек жаздың құрғақ күндері ғана өтеді. Қайыңды ауылына келген соң, оны солтүстіктен батысқа қарай айналып өтіп нысанға 7 шақырымнан соң барамыз.

*№2. бағыт бойынша - 9 беттегі нысан жайлы ақпарат.*





Шилі шаршысы → **Үшайырық (Трискелион)**
50° 06' 09.05" с.е. - 65° 21' 40.38" ш.б.

Әрі қарай Шилі шаршысына әкелген жолмен Қайынды ауылына дейін барып, одан әктерме жолмен шығып, оңға бұрылып, дала жолымен Қайынды өзенінен өтетін жерге дейін 7 шақырымды басып өту қажет. Одан соң Үшайырық нысанына апарар жолдағы Жаңақала ауылына дейін дала жолымен 7 шақ., сол секілді ауылдың батыс жағында ағып жатқан Қараторғай өзенінің көпіріне дейін әктерме жолмен 11 шақ. қалады. Тағы әктерме жолмен алда кездесетін жол айрығынан бұрылмай жүріп, жолдың 58 –ші шақырымында оң жақ қапталдан бұзылған елдімекен кездеседі. Одан кейін 24 шақырымнан соң оңға бұрылып, әрі қарай Үрпек ауылына (Аманкелді ауданына қарасты) дейін 39 шақырымды бағындырып, жол айрығынан Агаштыкөл ауылына қарай оңға түсіп, әрі қарай Трискелионға дейін 5 шақырым жүреміз.

Еркін энциклопедияға сүйенсек – Үшайырық (трискелион) – бір нүктеден шыққан үш тармақты сәуле бейнесіндегі ежелгі символикалық бейне.

Нысан - аймақта егін шаруашылығы қарқынды дамып тұрған уақытта қар еріп, су толғанында су жиналмайтын тұста, ауызын жауып, суды сақтап қалатын орында орналасқан. Мұндай, суды жібермей, жерді қолдан суландыратын әдіс бізге әдебиеттен: «Қырғыз егістігі» деген атаумен белгілі. Мұндай таңбаны Крит аралының халқы – Криттерден, этрускілердің ежелгі өркениетінен, Байкал өлкесіндегі буряттардан және Гималай халықтарынан кездестіруге болады. Ал, Жапон мәдениетінде ол үйлік қорған ретінде (өрттен, ұрлықтан және су тасқынынан қорғайтын) түсіндіріледі.

Свастика – үш сәулелі, ежелгі сына жазулы, екі полюсінде белгі сондай ақ «күн шығы, мұз еріді» деген түсінік те береді. Дәл сондай үшайырық – Сицилия мен Англияның Мэн аралының туында бейнеленген. Бір қызығы нысан орналасқан жер бұрынырақта – Сәуле деп аталған екен.

Үшайырық (Трискелион) → **Ажал қайығы**
50°05'39.22" с.е. - 65°15'36.56" ш.б.

Үшайырықтан «Ажал қайығы» геоглифына дейін 8 шақырым. Ол үшін Үрпек ауылына қайта оралып, жер жолмен ауыл маңындағы қорымға жету керек. Біз іздеген нысан осы жерден шығысқа қарай созылып жатыр.

Нысан Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, Үрпек ауылынан батысқа қарай (2,54 шақ.) орналасқан. Геоглиф - «жалаңкесік» қайық пішіндес етіліп, құмнан үйіліп жасалған. Оны үстінен байқау мүмкін емес. Алайда, анықтап қараған адам үйілген құм сызығынан нысанды көре алады. Көптеген әлемдік мәдениетте ажал қайығы – жерлеудің бір белгісі болып табылады. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, ажал қайығы екі әлем арасындағы орын болып саналған. Ажал қайығын пайдалана отырып жерлеу әр халықта әр түрлі мағынада болды. Скандинав халықтары қайтыс болған адамның денесін қайыққа салып, суға ағызып жіберсе, ежелгі гректер жеткізуші Харон мәйітті Стикс өзені арқылы Аида патшалығына апарады деген сеніммен оған төлем ретінде марқұмның аузына тиын қоятын болған. Ғажабы - бұл нысан Үрпек ауылы зиратына жақын орналасқан.





### Ажал қайығы → **Үштоғай шаршысы**

50° 50' 00.00" с.е. 65° 19' 32.06" ш.б.

Келесі нысанға бару үшін Аманкелді ауданы арқылы өтеміз. Оған дейін Үргеe ауылынан сапасы орташа көтерме жол және оған қатарлас тапталған жер жол жатыр. Ара қашықтық – 18 шақырым. Аманкелдіден Амантоғайға дейін R-256 трассасымен барып, бұрылыстан Қостанай қаласына бағытталған жолға қарай бұрылып, 56 шақырым жүріп, Үштөбе ауылына бұрыламыз. Сол жерде нысан жайында ақпарат жазылған үлкен баннер ілінген. Әрі қарай жер жолмен Үштоғай ауылына дейін барып, елдімекенді оң қанаттан айналып өтіп, өзенге дейін 10 шақырымды басып өтіп, өзеннен нысанға дейін апарар жалғыз жолға түсіп 14 шақырым жүреміз.

Қостанай обл., Аманкелді ауданы, Үштоғай ауылынан тура шығысқа қарай 15 шақ. Жер жолмен оңтүстік – шығыс бағытында 10 шақ., солтүстік – шығыс бағытында жол айрығына дейін 15 шақ.Солтүстік бұрыштан 60 метр жерде қорған тектес пішіндегі 11 м., 15 м., 14м., үш төбешік орналасқан. Олардың өзара ара қашықтығы бірдей 8 метр болып келген. Оңтүстік бұрыштан 100 метр жерде 7 үйіндіден тұратын қорған тізбегі жатыр. Олардың диаметрі 5 пен 7 метр аралығында болса, тізбектің ұзындығы 54 метрге дейін жетеді. Бұл нысанның нақты не үшін пайдаланылғаны әзірге беймәлім. Алайда, мұны жауларының шабуылдарына тойтарыс беру үшін, қорғаныс ретінде қолданған болуы мүмкін деген болжам бар.

### Үштоғай шаршысы → **Ашутасты сақинасы**

50°22'5.82"с.е. 66° 0'0.56" ш.б.

Үштоғай шаршысына келген жолмен Амантоғай ауылына дейін қайта оралып, R-256 трассасымен 44 шақырымды жүріп өтіп, бұрылыстан оңға бұрылып (жер жолға түсіп), егістік алқабы арасымен оңтүстік бағытта 4 шақырымды артта қалдырып, одан кейін батысқа қарай 8 шақырым, қайтадан оңтүстікке 5 шақырым жүрген соң межелі жерге жетеміз.

№3. бағыт бойынша – 13 беттегі нысан жайлы ақпарат.



### Ашутасты сақинасы → **Арқалық**

Бұл нысаннан Жосалысай өзеніне дейін 1 шақырым. Өзеннен егістік алқабы арқылы өтетін дала жолымен солтүстік бағытта 7 шақырым жүріп, әрі қарай R-259 трассасына дейін шығыс бағытта 15 шақырымды басып өтіп, трассамен 39 шақырым жол жүргеннен соң Арқалық қаласына жетеміз.

# Мазмұны:


Қара оба ....................5, 12
Әділбек Майкутов ескерткіші....................5
Омар қажы мешіті ....................6
Шарықты бұлақ ....................7
Мұртты қорған ....................7
Ашутастының шыңды аймағы ....................9
Шилі шарщысы ....................9, 18, 36
Бақсы мола ....................9,19
Құлымбет әулие кесенесі ....................10, 28
Қостам кесенесі ....................11, 26, 28
Әбдіғапар хан кесенесі ....................11, 26
Ашутасты сақинасы ....................13, 38
Келісім бұлағы ....................13, 33
Кейкі батыр кесенесі (жаңасы) ....................14, 34
Кейкі батыр кесенесі (біріншісі) ....................14
Дала кешені ....................15
Көктаудың шыңды аймағы....................17
Метеорит көлі....................17
Көктаудың үлкен және кіші кіресі....................17, 36
Мейрам қажы кесенесі ....................24
Қорғасын шахтасы ....................22
Кейкі батыр үңгірі....................22
Сахнатам ....................23
Табиғи көрікті жерлер ....................23
Қыз тамы кесенесі ....................24
Екідіңнің шыңды аймағы....................24
Бақылау мұнарасы....................25
Жауке батыр кесенесі ....................25
Торғай свастикасы, (Үшайырық) ....................29, 37
Ақкал қайығы ....................30, 37
А. Имановтың штаб лотері ....................30
А. Иманов ескерткіші ....................31
А. Нұрманов музейі ....................31
Сатыбалды Ишан кесенесі ....................32
Құтан әулие кесенесі ....................32
Үштоғай шаршысы ....................38


*Ескерту:*

*А – 16 трассасы бұл – Жезқазған – Петропавл ( Арқалық қ. Жалпытал а. арқылы өтетін) бағытындағы Республикалық маңызы бар жол.*

*R-256 трассасы – Арқалық – Аманкелді бағытындағы жергілікті маңызы бар жол.*



# Жолнұсқаны жасағандар:

**Елена Цвентух – редактор,**
«Жас – Ұлан» балалар мен
жасөспірімдер ұйымы» ҚБ–нің президенті

**Шөптібай Байділдин**
«Ауылым – алтын бесігім» жобасының кеңесшісі

**Арыстан Айтмағамбетов**
мәтін авторы

**Дархан Ермағанбетов**
мәтінді қазақшаға аударған

**Әсел Оразалина**
бағытты жасаушы

**Игорь Роговой**
фотограф, көркемдік редактор

**Қамбатша Бектұрсынова**
техникалық дизайнер

**Олжас Оразалин**
экспедиция жетекшісі, редакция алқасының мүшесі

**Эдуард Латыпов, Жақсылық Қали**
квадракоптер операторлары

**Казакевич Владимир Владимирович**
экспедицияның тұрақты мүшесі






БІРЛЕСЕ ЖҰМЫС ЖАСАУҒА ШАҚЫРАМЫЗ
Біздің мекен – жай: 110300 Қазақстан Республикасы, Қостанай обл.,
Арқалық қ., Дулатов көш. 1.
«Жас – Ұлан» - қалалық балалар мен жасөспірімдер ұйымы»
Қоғамдық бірлестігі
тел: 8 (71430) 7-04-05
факс: 8 (71430) 7-09-43
E-mail: durarkalyk@gmail.com, rigos70@rambler.ru